Айталық, белгілі бір тарихи тұлға, яғни оқиға жайындағы спектакль сол көрерменнің жүрегіне бұдан бұрын ұялауы мүмкін. Бәлкім, ол мұны бұрын бірнеше мәрте тамашалаған да болар. Сондықтан ол сахнаға көз салғанда сол өзгерістерді, жаңа шешімдерді іздейді. Бір сөзбен түйіндегенде, білімді, сезімтал, оқығаны мен тоқығаны көп көрермен қойылымның бет-бейнесін, ішкі сюжетін декорация арқылы да пайымдайды.

Сахнагер-суретші дәрежесіне жету оңай емес. Әйгілі театрларда қылқаламын қолынан түсірмей, шығармашылық ғұмырында осы безендіру ісінен басқаға бет бұрмай жүретін шеберлер жетерлік дегім келеді.

Біздің түсінуімізше, бұл – сурет өнеріне, театрға жан-тәнімен тәнтіліктен туған сезім.

Біздің ойымызша, сахна суретші өнерінсіз – жұтан. Тіпті, суретшінің қолтаңбасы қалмай, спектакль қою мүмкін емес. Сахнаны суретсіз көзге елестету мүмкін емес. Театр театр болғалы сурет өнері онымен бірге жасап келеді деу керек. Ежелгі Элланың, Римнің театрларында халықты тарту үшін қойылатын спектакльдердің мазмұнын суретпен бейнелеу, оны күні бұрын көзге түсетін жерге орналастыру дәстүрге айналғаны белгілі. Театрлардың алдында анонс ретінде ілінетін жарнамаларда қойылымдардан көріністер салынып тұрады. Сондай-ақ репертуарлық жоспарда спектакльдердің атаулары баспахана әріптерімен терілмей, суретшінің жазуымен көз тартады.

Суретшінің еңбегі сахнада ғана көрініп қоймайды, ол қан тамыры тәрізді театрдың өң бойына тарайды. Сондықтан театр суретшісі деген кәсіпке ешкім шекесінен қарамауы керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Михайлова А.А. Сценография: теория и опыт. – Москва: Советский художник, 1990. – 320 с.

2. Березкин В.И. Искусство сценографии мирового театра: Театр художника : истоки и начала. – Москва: КомКнига, 2007. – 272 с.

САХНА САҢЛАҒЫМЕН СЫР СҰХБАТ НЕМЕСЕ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕГІ БАЛТАЕВ БЕЙНЕСІ

Азнабаева Мөлдір,

*ҚазҰӨУ Сценография мамандығының (Театр техникасы және сахна
безендіру технологиясы мамандандырылуы) I курс студенті
Ғылыми жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Мұхтарова Ғ.С.*

Қазақ театрының сахна декорациясы өнері өзінің даму тарихын ұлттық этнографиялық және тұрмыс – салттық бояу нақышының мәнерімен бастағандығы мәлім. Қазақ театры – әуенділігімен және әдеби әлемімен ұлы режиссерлар мен актерлардың ұрпағын жалғастырып келеді. Сондай-ақ театр суретшілерінің де буынын жалғаушы отауы болып саналады.

Қазақ сценография тарихы ұлы тұлғаларымен, тың еңбектерімен дәуірден дәуірге алмасып келе жатыр. Сонымен бірге жаңару, заманауи техникаландырылу сценография өнерінен үстіртін өткен жоқ, қайта сахна декорациясын алуандандыра түсті.

Отандық сценография тарихи кезеңдерінің көш басында Ә.Исмаилов, Қ.Хожықов, А.Ненашев, М.Ержанов, Г.Исмайлова т.б. сынды театр суретшілері тұрды. Кезеңдік ерекшеліктерімен қарастырар болсақ қазақ сценографиясы қыркыншы жылдарға дейін этнографиялық және пейзаждық декорацияларды (далалық, таулық көріністерді) кеңінен пайдаланды. Қазақ сценографиясының кеңістігіне этнографиялық сипат және ұлттық нақыш беру осы кезеңнен бастап қалыптасып бүгінгі таңға дейін маңыздылығын жоя қоймады.

1940-50 жылдары қазақ театр декорациялық өнерінде кәсіби ерекшеліктер байқала бастады. Өзіндік тың ізденістерінің арқасында кезеңдік театр суретшілері кескіндемелік тіл арқылы театр қойылымының кеңістігін кеңейте түсті. Ал 1960 жылдары театр декорациясы тарихы жаңа көріністерімен жаңа есімдермен ерекшелене бастады. Режиссер Ә.Мамбетов, сценограф Д.Т. Сүлеев сынды тұлғалардың театр өнеріне келуі сценография тарихының жандануына септігін тигізді. Сахналық кеңістіктегі үш өлшемнің пайдалану негіздері, жылжымалы кеңістік ерекшеліктері, сонымен қатар актердің сахнада өмір сүруіне ыңғайлы түрлі материалдардың қолданысқа шығуы жаңа көзқарастар мен жаңару қағидаларын қалыптастыра түсті. Бұл өзгерістер театр декорациясына

көңіл аудартып, жаңа буынның ынтасын ұлғайтты.

1970 жылы көптеген ізденістер мен тәжірибелерден өз шығармашылықтарын шындай түскен театр суретшілері И.Корогодин, А.Семизоров, А.Кривошеин, Ф.Муканов сынды буынымен толыға түсіп, жаңа лебімен алға қарай жылжыды.

1980 жылғы қазақ сценографиясында жаңа толқынды өзгеріс болды деп айтуға болады, себебі драмалық дүниетанымның теңдесіз дүниелері осы жылғы буын өкілдерінің еңбектерінде көрініс тапты. К.Ақбаев, Е.Тұяқов сынды сценография мамандарының туындылары ізденісі мен тәжірибелерінің арқасында қойылымның образын жасауымен ерекшеленді. Қойылымды көрерменмен бірге тамашалау ерекшелігін негізге алған театр суретшілері оның түпкі идеясын образдық шешімге жүгініп пішіндер арқылы шеше білді. Нақ осы ізденіс 1990 жылдары да жалғасын тапты. Көркемдік ізденіс сахнаның кеңістік тұтастығын сақтай отырып, масштабы кең ойлар философиялық тұжырымды пішіндермен көрсетілуге бағытталды.

Бүгінгі таңдағы театр сценографиясы осы дараланған ізденісті тәжірибелік нұсқалардан өткен жолмен өзіндік ізін саралап келе жатыр десек те болады. Аталған философиялық пішіндер, көркем кеңістік тұтастығы бүгінгі заманауи театр декорациясының басты ұстанымдары болып табылады. Театр декорациясы алайда драматургияға тәуелді, ал драматургияның ашылуы режиссер мен театр суретшісі және актердің шеберлігіне де байланысты ұжымдық өнерге тән тұтастықты талап етеді.

Жалпы қорыта келсек, М.Әуезов атындағы Мемлекеттік Академиялық Драма театрында қойылған «Таңсұлу» қойылымының сахна декорациясы өзіне сай болмысын алып шыға алды деп айта аламыз. Суретшінің қойылым барысында тек пішіндік сипатқа жүгіну арқылы бөлшектерді негіздеуде сан жағынан көбірек етуінің арқасында шашыраңқылыққа да бой ұрғандығы байқалады. Басты элемент сәукеле және кәрі кемпір сұлбасы. Кәрі кемпір сұлбасын жасауда суретші-декоратор қойылымның соңғы ширегінде бүкшиген пұшық кемпірге айналатын басты кейіпкер сұлбасына сүйенеді. Ал ол сұлбалар жан жақты болып композициялық теңдікті ұстауға, сахналық көркемдікпен негіздеп, қойылым барысында кейіпкерлердің тасасына да айналып өз қызметін ауыспалы түрде атқаруға бағыттайды. Қойылымдағы сахна декорациясының ұтымды қырлары бейнелілік, түстік үйлесімділік,

кеңістікті еркін қолдану негізі және де жаңа техникалық құралдарды меңгеру ерекшеліктері болып табылады.

Түстік гармония сахналық декорация барысы мен кейіпкерлердің киімдерінің ұлттық сипатымен айшықталған. Қойылымның көркемдік бейнелік шешімі спектакльдің басты идеясын негізге алынуымен сипатталған. Алайда бұл екі жақтылық ойды беруге де бағыттап отырады. Бір пішін әйел сұлбасын берсе, басты элемент сәукеле немесе шаманның шалашы сипаты. Яғни осы үш негізгі пішіндер арасында түйістірілген немесе бір пішіннің жинақылығын қажет етуші бір ұғым іспеттес.

Себебі, заманауи өнер түрлерінің барлығының алдына қойған басты міндеті этномәдениетті жаңғырту болып табылатындығында болып отыр. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, аталған қойылымдағы этномәдени болмыс, қазақи рух, қазақи иіс жоғарғы деңгейде сақталған.

Заманауи сценография өнеріндегі жаңа техникаларды пайдалану тәжірибесі келесі ізденімпаз суретшілердің шабытына қанат бітіріп, сценограф С.Балтаевтың ұтымды қолдана білген ерекшелігі бұдан кейін де өз жалғасын таба алады. Себебі, өресі кең бүгінгі заман талабы да заманауи техникалардың көмегіне жүгініп өнерін өрге дөңгелетуде екендігі айқынды.

Бүгінгі біздің кейіпкер – сценография әлеміне сыр-сұхбат Серікжан Балтаевпен (1 сур.).



1 сурет. Суретші-сценограф Серікжан Балтаев

Мақаланы Балтаев есімімен байланыстыру мәнісіне тоқталар болсақ, отандық сценографияны әлемдік деңгейге көтеру үшін ат салысып жүрген астаналық сценограф, мәдениет қайраткері Серікжан Балтаевтың өмірдегі жолы мен шығармашылық ізденістері арқылы бұл саланың елдегі даму барысына шолу жасамақпыз.

Соңғы кездері өзі таңдаған мамандықтың нағыз иесі атанған С.Балтаевтың қаламынан туған шығармалар үнемі көрермендерді таңғалдырып, ал қызметтес әріптестерін мойындатып отыр. Ол еліміздегі қоюшы-суретшілердің арасында әлемдік озық технологияларды пайдаланушы – Қазақстан сценография саласына жаңашылдығымен танымал тұлға.

Осылайша ел арасында суретші-қоюшылығымен танылып үлгерген Серікжан Балтаев өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде берген бір сұхбатында:

«Менің бар арманым қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен нақыштарын соңғы техниканы пайдалана отырып, жаңғырту және оны әлемдік безендіруге жаңалық ретінде енгізу. Міне осылайша тәуелсіз еліміздің ғасырлардан жүк артқан тарихынан сыр шертер тарихын ұлттық өнеріміз арқылы паш етуді жөн көріп отырған жайым бар» деген екен [1].

Сонымен С.Балтаевтың Қазақстандағы сценографияға енгізген басты жаңалықтарының қатарына – өнер көрсетуші адамның сахна сыртына шықпай-ақ бір жерде тұрып киімін бірнеше түрге алмастыра алуы дер едік.

Бала кезінен сурет өнерін жанына серік еткен Балтаев еңбегі мемлекет тарапынан да бағаланып, ол Қазақстанның мәдениет қайраткері атанды.

Және де «Алтын Орда» газетінде «Бақыт туралы ой» атты мақалада жарияланған бір сұхбатында келесі сұраққа «Серік, өзіңе ризасың ба? – Бақыт дегеніміз не деген сауалға әркім әртүрлі жауап береді.. Меніңше, адам сүйген ісімен айналысып, өмірден өз орнын табар болса, ол – бақыт. Кей кезде сол бақыт сағым сияқты ұстатпай қояды. Шаршайсың, қажисың. Бәрібір сол бақытқа ұмтыласың. Жеткің келеді. Өнерде осындай күй кешетіндер аз болмайды. Меніңше, талайлар өз бақытын жаңа астанадан тапты. Мен жекелеген бір жұмыстармен айналысып жүрген болатынмын. Осыдан бір жыл бұрын бір композицияны жасап жатқанымда Астана қаласы әкімінің орынбасары Төлеген

Мұхамеджанов: «Серік, сен осы не істеп жүрсің?» – деп сұрады. Мен: «Біздікі шалбар түсіп кетпес үшін белін бұған сияқты тіршілік қой», – дедім әзілдеп. Сол жылы Конгресс-холдың бас суретшісі болдым. Содан бері көп жұмыс істелді. Көмек те, қолдау да бар. Ең бастысы, шығармашылыққа тосқауыл жоқ. Ақын өлең жазып, оны оқитын адам таппаса, жаны күйзелмей ме. Суретші де сол сияқты. Жасаған дүниесі кәдеге жараса екен дейді. Мен өзім жасаған еңбек Астананың, қала халқының бір кәдесіне жараса екен деп тілеймін. Астанаға сырттан келген қонақтар: «Мынаны қара, бізде жоқты жасап қойыпты», – деп таңдай қағып жатса, тамаша емес пе?! Сол тамашаны жасағым келеді. Астанаға ғана емес, Республика беделін өсіретін де біздің әрқайсысымыздың патриоттық сезіміміз. Осыдан жаңылмасақ, қолдау да, көмек те болады. – Серік, біткен іске қуанып тұрып, өкінетін кездерің бар ма? – Адам өзіне-өзі тек риза болып, тоқмейілситін болса тоқырағаны. Тоғайған көңіл шығармашылық қиялды тежейді. Мен өзімнің бітірген жұмысыма риза бола тұрып, жеткенімді қанағат тұтпаймын. Мен «Бағзы заманнан – ғарышқа» деген тақырыпта бір шоу – композиция, тарихи композиция жасадым. Расын айтқанда, менің бұл дүнием жаңа бір жанр түрі сияқты. – Безендіру әлемі туралы кітаптың ғылыми жетекшісі деп естідік. Ол кітап туралы не айтасыз? – Сайып келгенде, осы саланы төңіректен жүргендер де, өнер жанкүйерлері де сахнаның әдемі болғанын қалайды. Бірақ, жазылған еңбектер жоқтың қасы. Әрі сценографияның кенже қалып отырғанын айттық. Ал, сахна безендіру туралы әртүрлі көзқарастар, ойлар бар. Өзімнің, әріптестерімнің ойларын, пікірлерін жинақтап, кітап етіп шығаруды қолға алып отырмыз және сол кітаптың ғылыми жетекшісі болмақпын [2].

Келесі С.Балтаевтың туралы Жайырбек Қаспақ «Шындық шырағы» мақаласында келесі ойлар айтылады «Қазір өзіндік қолтаңбасымен танылып, тосын шешім, өзгеше пішін тауып, терең ой ақтарып жүрген театр суретшілерінің бірі – Серікжан Балтаев. Институтта оқып жүргенде-ақ Серік қойылым суреттерін бірінен соң бірін республикалық театрларға ұсынып, жарық көрді. Сол жылдары режиссер – қоюшы Д.Р. Арғынбаев пен А.Н. Вампиловтың «Метромпаж оқиғасы» трагедиялық комедиясы, Кенжетәев пен Е.Брусилковскийдің «Ер Тарғын», А.Ықсанов пен Е.Васильевтің «Тұнжыраған таң шапағы» шығармаларын, тағы бірнеше туындыларды жарыққа шығарды.

Қуаныштысы сол, өзі қалаған өнер жолында талмай іздене, ерінбей еңбектене білген жігіт айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Дүниеге келген шығармалардың өзіндік өрнегі, өзіндік нақышы, өзіндік қолтаңбасы мен белгісі бар екені даусыз. Ол туған елінің ғана емес, шығыс халықтарының ауыз әдебиетін, эпостарды, хисса – дастандарды көп оқығаны сезіледі. Бұған суретшінің қаламынан туған «Ер Тарғын», «Ақын Сара», «Ермек ертегі елінде» тағы басқа шығармаларының тізбегі дәлел. Бұл суретшінің өнердегі өмірінің бір белесі сияқты. Тіпті зор тебіреніске толы сәулелі сәттер суретін, өзіндік көзқарасымен қағаз бетіне түсірген шабытты шақтары да осы кез. Суретшінің ішкі сарайын кейбір азапты хал кешіре отырып, дүниеге келген бұл туындылардың қай-қайсысы да ұшан-теңіз әңгіме.

Ойы ұшқыр талантты суретші әрбір жанды дүниеден өзіндік ой, жұмбақ сыр іздеп жүретін Серіктің шығармашылық сапары жеміссіз емес. Кәсіби шеберлігі де ширап жетіле түседі. Тәжірибелі режиссерлар жас жігіттің талант қарымын, алғырлығын тез аңғарып, оған қуана қол ұшын берді. Сонын арқасында әртүрлі режиссерлармен шығармашылық ынтымақты жұмыс істеп, өзін-өзі шындап байытып отырды. Республикада ғана емес, Ресей театрларына да шақырылып, творчествалық тығыз қатынаста жұмыс істеді. Кейін Дулат Исабековтың «Кішкентай ауыл» атты пьесасын безендіру суретшінің ірі табыстарының біріне айналды (2 сур.).

Бұл шығарма оның дипломдық жұмысы болды. Өзінің туған елі үшін еңбек етіп, қазақ сценография өнерінің дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан талантты жігіттің шабыты бүгін дер шағында. Өткен жылы облысымызда тұнғыш рет оның көптеген айшықты туындыларының көрмесі болды. Бұл оның шығармашылығына берілген жоғарғы баға еді. Бірде С.Балтаевтан сценография өнері жайында сұрадық. Ол ойлы жанарын бір нүктеге қадап, сәл тұнжырап қалды. Сосын оқыс бұрылып отты жанарымен тура қарап алды да; «Бұл өзге жанр. Әсіресе, театр суретшісі болу қиынның қиыны. Олай дейтінім, прозада оқығанды сипаттап жеткізсін, поэзияда кейіпкер өзінің сезімі арқылы арманын айға білдіре айтуға да болады. Ал картинада суретшінің әлем-тапырық ойлары мен құйындай ұйытқыған сезімдерін жеткізетін бірінші қаруы – бояулар. Сіз бар айтпақ ойыңызды алақандай кенептің бетіне немесе макетте шашпай-төкпей жинақтап беруіңіз керек. Көркем бейнелердің орналасу жүйесін, рең үйлесімін қатар қамти алмасаңыз, айтпақ ойыңыз

қожырап, бояуыңыз оңып, идеяңыз шашырап шыға келеді. Сондықтан суретшінің қиялы тұнғыық ойлардың тереңінде тербелуі керек, – деді. Өзінің ұраны құлай сүйген бұл өнерді асқак, биік ұстайтыны көңілге қуаныш ұялатып, жүрегінді сұлулыққа толтырғандай болады» [3].



2 сурет. Д.Исабековтың «Кішкентай ауыл» пьесасы бойынша
Б.С. Балтаевтың мизансцена эскиздары

Соңғы кездері Серік Балтаевтың шығармашылығы жайлы жиі-жиі сөз қозғалып, мейлінше көп жазылып та жүр. Бұл көрермен назарына өзіне жиі аударғандықтан да болар. Өйткені, оның картиналары республика театрларында ғана емес, республикалық көрмелерге де жиі қойылып жүр. Ол жайында өзінің әріптесі, театрдың көркемдеу жетекшісі, бас режиссер С.Асылханов былай дейді:

«Серік театр суретшісі. Оның театрлық болмыс бітімі серіктестік сезімінің аса өткірлігімен түсіндіріледі. Ол режиссер қуатының кеңінен танылуы үшін және актерлардың сахналық табиғи ғұмыры үшін қажетті көріністі дәл басады.

Есімде Серіктің бірде қалжындап сөз арасында: «Біздің де мойнымызда ауыл мәдениетін көтеру, жас ұрпақты ұлттық өнерге тәрбиелеу борышы тұр» деген сөздері тұр еді. Иә, алда атқарылмаған борыш тұр. Елім деп елжіреген жүрегі сол елдің болашағына қызмет етуге арналса болды» [4].

Ұстазым Серікжан Балтаевичпен сұхбат

1. Серікжан Балтаевич қойылым қоюды қай жерде бастадыңыз?

«Мен өз қойылымды Алматы қаласында Алматы мемлекеттік театр көркем сурет институтында (қазіргі Жүргенов) оқып жүріп, сол институттың оқу театрының сахнасынан бастағанмын».

2. Алғашқы қойылымыңызды аты және оны қайда қойдыңыз?

«Мен үшінші курстың студенті болып жүріп қойылым қоя бастадым. Алғаш қойылымымды бағана айтып кеткендей Т.Жүргенов атындағы өнер театрының сахнасында авторы А.Вампиловтың «История с метромпажем» деген қойылымын қойдым.

3. Өз қолтаңбаңыз қалай қалыптасты?

«Бұл қолтаңбамның қалыптасуын айтып кетсем қызық, мектепте Лениннің суретін салған адам керемет-тұғын, сондықтан мен Лениннің суретін керемет салатынмын. Маған мектептің директорлары, тіпті әкімшіліктен шақыртып Лениннің суретін салдыратын. Ол кездері холстар жоқ, дастарханды аударып тастап екінші бетіне салатынмын. Біз оны холст ретінде пайдаланатынбыз. Содан сон жазудан. Ол кездері борды желімге араластырып, езіп қызыл матаға жазатынбыз. Неге екенін білмеймін әйтеуір суретке деген құмарлығым сол кезден басталды. Содан кейін жоғары оқуға түсіп осы уақытқа дейін халықаралық және Қазақстан сахнасында 100-ден аса қойылым қойып тастаппын (1 кесте).

1 кесте. Серікжан Балтаевтың сценографиялық жұмыстарының тізімі

№	Автор мен қойылым атауы	Қойылған орны, жылы	Режиссерлері	Дәлел құжаты
1.	А.Вампилов «История с метранпажем»	Т.Жүргенов атындағы өнер театры	Д.Арғынғазиева	Бағдарлама
2.	Е.Брусиловский «Ер-Тарғын»	Абай атындағы опера және балет театры	К.Кенжетев	Бағдарлама
3.	А.Володин «С любимыми не расставайтесь»	Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының театры	Д.Арғынғазиева	Бағдарлама
4.	А.Володин «Выхухоль»	Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының театры	Д.Арғынғазиева	Бағдарлама
5.	Б.Васильев «Түнжыраған таң шапағы»	Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының театры	А.Ихсанов	Бағдарлама
6.	А.Кальман «Сильва»	Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының театры	К.Кенжетев	Бағдарлама
7.	Д.Исабеков «Кішкентай аул»	М.Әуезов атындағы академиялық драма театр	С.Асылхан	Бағдарлама

8.	М.Мейо «Лгунья»	Жамбыл облыстық орыс драма театры	С.Ф. Шошкин	Бағдарлама
9.	А.Петрашкевич «Тревога»	Жамбыл облыстық орыс драма театры	В.Перунов	Бағдарлама
10.	М.Хасенов «Пай-пай жас жұбайлар-ай»	Талдықорған облыстық драма театры	О.Сарсенбеков	Бағдарлама
11.	А.Макаеонк «Пұшайман болған әулие»	Талдықорған облыстық драма театры	О.Сарсенбеков	Бағдарлама
12.	М.Әуезов «Түнгі сарын»	Атырау облыстық Махамбет атындағы драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
13.	Ә.Тәжібаев «Дубай Шубаевич»	Атырау облыстық Махамбет атындағы драма театры	Ч.Зұлқашев	Бағдарлама
14.	Л.Корсунский «Концерт по заявкам»	Талдықорған облыстық орыс драма театры	Б.Яриков	Бағдарлама
15.	М.Әуезов «Түнгі сарын»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
16.	Қ.Жетпісбаев «Тойдан кейін»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	А.Шалбаев	Бағдарлама
17.	О.Бодықов «Ит өлім»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
18.	С.Злотников «Дурацкая жизнь»	Талдықорған облыстық орыс драма театры	В.Бондарь	Бағдарлама
19.	Т.Қалилаханов «Ақан – Сара»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
20.	Ю.Шадов «Перевал»	Талдықорған облыстық орыс драма театры	В.Карпович	Бағдарлама
21.	О.Калчинская «Кто украл трамвай?»	Талдықорған облыстық орыс драма театры	В.Алексеев	Бағдарлама
22.	Б.Қалшабаева «Қайдасың анашым»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
23.	С.Злотников «Дурацкая жизнь»	Ресей, Минусинск қалалық театры	В.Н. Бондарь	Бағдарлама

24.	Д.Исабеков «Ермек ертегі елінде»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
25.	У.Шекспир «Асауға тұсау»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Ә.Мәмбетов	Бағдарлама
26.	Е.Домбаев «Күйеу іздеген келіншектер»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
27.	Т.Қалилаханов «Абылай аманаты»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	С.Асылхан	Бағдарлама
28.	Қ.Найманбаев «Тышқан жарыс»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Б.Насщекин Москва	Бағдарлама
29.	Қ.Жетпісбаев «Қаракерей Қабанбай батырдың жылдығы»	Талдықорған облысы. Дала сахнасы	Қ.Жетпісбаев	Бағдарлама
30.	Б.Сокпақбаев «Қожанасыр»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	О.Абділманов	Бағдарлама
31.	Т.Әліпбаев «Соңғы бетпе бет»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	О.Абділманов	Бағдарлама
32.	С.Жүнісов Б.Шәріп «Заман-ай»	Қазақфильм киностудиясы	Б.Шәріп	Бағдарлама
33.	Ш.Хусаинов «Алдар көсе»	Батыс Қазақстан облыстық Орал театры	Ф.А. Пухович	Бағдарлама
34.	М.Әуезов «Еңлік-Кебек»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Х.Теміров	Бағдарлама
35.	Е.Әлімжанов «Бір қазаққа бір қатын»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Х.Теміров	Бағдарлама
36.	О.Бөкей «Құлыным менің»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Ә.Оразбеков	Бағдарлама
37.	О.Исмаилов «Наркескен»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Х.Теміров	Бағдарлама
38.	М.Әуезов «Хан кене»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	Қ.Жетпісбаев	Бағдарлама

39.	С.Жүнісов «Қысылғаннан қыз болдық»	Талдықорған облыстық қазақ драма театры	О.Сарсенбеков	Бағдарлама
40.	Ақын Сара Тастанбекқызының туғанына 115- жыл толуына арналған қойылым	Мұзды бұлақ Дала сахнасы	С.Асылхан	Бағдарлама
41.	М.Әуезов «Қарагөз»	Ж.Аймаутов атындағы музыкалы драма театры	Б.Омаров	Бағдарлама
42.	А.Сейдембек «Күзеуде»	Ж.Аймаутов атындағы музыкалы драма театры	Е.Тәкенов	Бағдарлама
43.	Халықаралық 8-наурыз мерекесі. 2000 жыл.	Салтанат сарайы. Астана қаласы	Ю.Ханинга- Бекназар	Бағдарлама
44.	Наурыз мерекесі	Конгресс холл. Астана	Ю.Ханинга- Бекназар	Бағдарлама
45.	«Әлемдік жаратылыстың пайда болуы»	Есіл өзенінің мұз айдыны	М.Тілеубаев	Бағдарлама
46.	Т. Мұхамеджанов, Ш. Хусаинов «Алдар-көсе»	Қ. Қуанышбаев атындағы музыкалы драма театры	К.Кенжетәев	Бағдарлама
47.	«Наурыз – Нама» 2001»	Мерекелік концерт. Астана	Б. Ұзақов	Бағдарлама
48.	«Ана тілім ардағым»	III Республикалық Қазақстан халықтарының әдеби тіл мерекесі. Астана	С.Асылхан	Бағдарлама
49.	Аламан Айтыс	Конгресс холл	Б. Ұзақов	Бағдарлама
50.	Д. Верди «Травиата»	К. Байсеитова атындағы опера және балет театры	Технологиялық үлгісі және орындалуы	Бағдарлама
51.	Т. Мұхамеджанов, М. Ерғалиев. Мәскеудегі Астананың мәдениет күндері 2002 ж.	Мәскеу қаласы	А. Пономарев	Бағдарлама
52.	Қ.Абилов «Наурыз – Нама» 2002 ж.	Астана қаласы	Б. Ұзақов	Бағдарлама
53.	Қ. Абилов «Наурыз – Нама» 2003 ж.	Астана қаласы	Б. Ұзақов	Бағдарлама

54.	И.Крючкова «Халықаралық 8 наурыз мерекесі» 2003 ж.	Астана қаласы	Т.Андаспаев	Бағдарлама
55.	Қ.Абилов «Республика күні» 2003 ж.	Конгресс-холл. Астана	Т.Андаспаев	Бағдарлама
56.	«Махамбеттің 200 жылдығы»	Атырау қаласы. Орталық стадион	С.Мехлин	Бағдарлама
57.	Ақтау қаласына – 40 жыл, Маңғыстау қаласына – 30 жыл	Ақтау қаласы. Теңіз жағасында	С.Мехлин	Бағдарлама
58.	Қазақстанның Ресейдегі жылы. 2003 ж.	«Ресей» концерт залы	М.Тлеубаев	Бағдарлама
59.	Т.Мұхамеджанов «Астана Евразия орталығы»	Астана Конгресс холл	Т.Андаспаев	Бағдарлама
60.	XXI ғасыр лидері	Астана. Конгресс-холл		Бағдарлама
61.	Наурыз – 2004 ж.	Астана қ.. Орталық алаң	Т.Андаспаев	Бағдарлама
62.	Қала күні – 2004 ж.	Астана қ. Орталық стадион	М.Тлеубаев	Бағдарлама
63.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2006 ж.	Астана. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
64.	Е.Аманшаев «Үзілген бесік жыры»	Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық музыкалы драма театры	Б.Ұзақов	Бағдарлама
65.	Астана қаласының 10-жылдығына арналған А.Мусаходжаеваның гала-концерті	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
66.	Т. Мұхамеджановтың гала-концерті	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
67.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2007 ж.	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
68.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2008 ж.	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама

69.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2009 ж.	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
70.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2010 ж.	Астана қ. Бейбітшілік пен келісім сарайы	А.Пономарев	Бағдарлама
71.	Азидаға дейін 100 күн. 2011 ж.	Астана қ. Бейбітшілік пен келісім сарайы	А.Пономарев	Бағдарлама
72.	Н. Коляда «Америка России подарила пароход»	М.Горький атындағы академиялық орыс драма театры	Б.Парманов	Бағдарлама
73.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2012 ж.	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
74.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2013 ж.	Астана қ. Бейбітшілік пен келісім сарайы	А.Пономарев	Бағдарлама
75.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2014 ж.	Астана қ. Конгресс-холл	А.Пономарев	Бағдарлама
76.	Республикалық конкурс «Жас қанат» 2015 ж.	Астана қ. Бейбітшілік пен келісім сарайы	А.Пономарев	Бағдарлама

Суретші сценограф ретінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін Серікжан Балтаев бүгінгі күні отандық сценография саласын дамытуда ұстаздық жұмыс арқылы үлкен үлес қосуда. Қазақ ұлттық өнер университетінің «Сценография және сәндік өнер» кафедрасының белді оқытушысы ретінде қызмет атқарып жүр.

ХУДОЖНИК-СЦЕНОГРАФ КАК ОДИН ИЗ ГЛАВНЫХ СОЗДАТЕЛЕЙ ВИЗУАЛЬНОГО ОБРАЗА

Покидько Софья,

*студентка 2 курса специальности Сценография (специализация
Театральная техника и оформление спектакля)*

Научный руководитель – к.филос.н., доцент Мухтарова Г.С.

Театрально-декорационное искусство – это искусство создания зрительного образа спектакля посредством декораций, костюмов, освещения, постановочной техники. Развитие декорационного искусства

тесно связано с развитием театра, драматургии, изобразительного искусства. Элементы этого направления в искусстве рождались в древнейших народных обрядах и играх. Считается что театрально-декорационное искусство и сам театр зародились в Древней Греции. Таким образом в древнегреческом театре уже в V в. до н. э., помимо здания сцены, существовали объёмные декорации, которые в эпоху эллинизма совмещались с живописными [1].

Сейчас термин «театрально-декорационное искусство» используют крайне редко. На смену этого термина пришло современное слово сценография. Можно сказать, что эти слова являются синонимами.

Главная задача сценография – с помощью изобразительных средств, раскрыть содержание театрального представления, придать ему определенное эмоциональное звучание. При этом в качестве выразительных средств сценография может использовать: во-первых, то, что создано природой, во-вторых, предметы и фактуры быта или производства, и, в-третьих – то, что рождается в результате творческой деятельности художника (от масок, костюмов, вещественного реквизита до живописи, графики, сценического пространства, света, динамики и пр.)

На современной стадии развития теоретической мысли науки о театре термин «сценография» приобрел основополагающее значение, без него уже невозможно обойтись. Более того, он стал основным во всех рассуждениях, касающихся пространственного решения спектакля. В данном термине отражаются проблемы, стоящие перед визуальной значимостью театрального образа. Я считаю, что под термином «сценография» надо понимать совокупность пространственной определенности театрального произведения. А это не только то, что komponует на сцене художник спектакля: декорации, костюмы и т. д., но и все то, что образует пространственное тело спектакля, строящегося по законам визуального восприятия, а именно определенный замысел и художественный образ.

Художественный образ – всеобщая категория художественного творчества, форма истолкования и освоения мира с позиции определенного эстетического идеала, путем создания эстетически воздействующих объектов. Художественным образом также называют любое явление, творчески воссозданное в художественном произведении.

«Создателем художественного замысла является художник-сценограф. Сценограф – автор пластической режиссуры спектакля,

это художник, овладевший знаниями и навыками живописца, графика, зодчего, скульптора, инженера-конструктора, технолога, макетчика, осветителя. Он должен обладать специфическим театральным мышлением, знать классическую и современную литературу, драматургию, историю театра, историю искусств, историю материальной культуры. Он обязан быть на высоте своего времени политически и морально.

Из всех разновидностей профессий художника сценограф, пожалуй, самая сложная. По объему знаний, уровню культуры, специфике мышления сценографа можно сравнить с изобретателем-конструктором и с ученым-исследователем. Он конструирует сценическое пространство по законам исторической достоверности, эстетической эквивалентности замыслу автора, а также психофизического удобства для актерской игры» [2].

Необходимость творческого участия художника театра в создании спектакля общеизвестна, но, к сожалению, иногда не только любители театра, но, бывает, и профессионалы слишком однозначно представляют себе меру этого участия и его значение для спектакля в целом. Нередко некоторые режиссеры и актеры, а то и сами художники, еще сегодня, в наши дни, когда жизнь ставит перед театром все новые, куда более сложные творческие задачи, предпочитают видеть на сцене лишь красивую картинку, понимая декорацию только в самых невзыскательных функциональных масштабах и порой еще как элемент украшения спектакля.

В своих лекциях известный театральный режиссер и актер Евгений Вахтангов говорил, что «не так-то легко режиссеру «увидеть» будущий спектакль. Без художника это сделать почти невозможно...»

Художник должен остро чувствовать изменения жизненных ситуаций, так как они ведут к изменению проблем. Новые жизненные проблемы ставят новые задачи перед искусством театра и сценографии. Художник своей работой выражает свой взгляд на проблемы жизни.

«Сегодня никто не станет утверждать, что роль художника театра вспомогательная. Режиссер признал соавторство художника-сценографа. О сценографе говорят сейчас как о сорежиссере, как об авторе пластической режиссуры и, наконец, как о режиссере» [2].

Сфера, в которую вовлечена работа художника-сценографа очень обширна, но общее среди всего разнообразия то, что главной задачей в его работе является визуально-эстетическая часть и философско-психологическая составляющая.

Рассмотрим несколько направлений данной специальности:

Художник-сценограф;

Художник-постановщик;

Художник-бутафор;

Художник по костюмам;

Художник-оформитель;

Декоратор;

Художник театрально-массовых представлений;

Художник постановщик в театре кукол;

Художник-график.

На первый взгляд это одна и та же профессия, только под разными именами. Дадим определение каждому направлению для того, чтобы понять в чем же разница.

Как говорилось ранее, художник-сценограф является театральным художником, специалистом по сценографии, главная задача которого создание образа и художественной целостности театрального спектакля, решение которой тем самым позволяет завоевать интерес зрителя.

Художник-постановщик или «художник кино», это – специалист, в задачи которого входит перевод сценария в изобразительный ряд, создание эскизов, чертежей декораций, графического оформления постановки. Декорации, реквизит, расположение их в кадре – все это составляет ту предметную реальность, которая служит фоном, оформлением для разворачивающихся событий. Несмотря на то, что для зрителя работа специалиста остается невидимой, именно от профессионализма художника-постановщика зависит успех или провал многих постановочных процессов, достоверность создаваемой атмосферы, нового, особого мира. Результаты работы художника не столь заметны, как игра актеров или увлекательные сюжеты, создаваемых режиссерами, однако, без специалистов этого направления постановки были бы лишены зрелищности, достоверности, яркости и выразительности.

Специальность «художник кино» остается за границей информации, никто не знает, что это замечательная, увлекательная и тонкая профессия, которая позволяет не только применить знания и навыки в кино, а имеет широчайший прикладной спектр (кино, телевидение, концертная деятельность, видеоклипы).

Это очень молодая специальность, ей всего 120 лет. Она впитала в себя все, что возможно от художников. Все, что умеют художники, умеют и художники кино. В то же время это нечто новое.

Существует и отдельный человек – художник по декорациям. У специалиста данной специальности большая часть времени уходит на разработку и создание декораций.

Художник-оформитель – специалист в области изобразительного искусства, использующий художественные приемы и средства в целях оформления. В наши дни возросла роль и ответственность художника в формировании предметно-пространственного окружения человека. Чем больше разрастаются города, чем стандартнее становится их застройка, тем сильнее искусственное окружение воздействует на человека. Его самочувствие во многом зависит от того, каков будет эстетический облик городской среды, а это будет зависеть от работы не только архитектора, но и художника-оформителя.

Художник-оформитель выполняет работу по заказам структурных подразделений учреждения, делает графические и шрифтовые работы к материалам исследований и разработок, составляет эскизы и выполняет работу по художественному оформлению проектов, макетов, отчетов, разрабатывает рекомендации по выбору рабочей одежды; разрабатывает проекты благоустройства и озеленения территории предприятия, архитектурно-художественного оформления фасадов зданий.

Исполнитель художественно-оформительских работ или художник-график по разработанным художником эскизам, шаблонам, эталонам создает плакаты, графические схемы и другие оформительские работы, осуществляет художественную роспись панно, элементов декоративного оформления интерьеров домов, магазинов, различных учреждений. Художник-оформитель знает основы живописи и рисунка, правила составления колеров, приемы и техники выполнения рисунка, требования, предъявляемые к окрашиваемым поверхностям, свойства материалов, применяемых в оформительском деле, приемы выполнения шрифтовых работ и виды шрифтов.

Следующая специальность – художник-бутафор. Его должностные обязанности заключаются в изготовлении бутафорских изделий. Он согласовывает с художником-постановщиком и режиссером-постановщиком спектакля эскизы и образцы бутафории. Руководит работой цеха, определяет его художественную и технологическую политику, совершенствует бутафорское производство.

Художник-бутафор должен знать историю материальной культуры, технику рисования, черчения, живописи, колористику и технологию живописи различными красителями и красками, технику и технологию лепки, формовки и изготовления бутафорских предметов из различных

материалов, а также технологию клеев и клеящих материалов, основы химии полимерных материалов, технологию их производственных процессов, технологию химического крашения и художественной росписи тканей.

Художник по костюмам в кино, театре и на телевидении. Он создаёт одежду для героев, помогает актёрам в их перевоплощении. Художник по костюмам взаимодействует с режиссёром, художником-постановщиком, гримёром. И, конечно же, с актёрами, каждому из которых костюм должен помочь перевоплотиться в героя произведения.

Главный художник массового спортивно-художественного представления – личность разносторонняя. Он – и художник, и режиссер, и конструктор, и модельер, и макетчик. Под его руководством работает большая группа специалистов. К ним относятся: художники художественного фона, художники по костюмам, художник-конструктор, художник-макетчик, художник-дизайнер, заведующие постановочной частью.

Работа главного художника начинается с детального изучения сценария, его идейно-тематической и постановочной основ, содержания эпизодов, а также предложений главного режиссера по художественному решению представления. В совместных обсуждениях и спорах постепенно рождается общая концепция и художественное видение мероприятия.

Современные социально-культурные условия требуют создания новых форм программ для удовлетворения духовных и культурных потребностей населения. В последние годы стало традиционным проведение массовых зрелищ, таких как шествия, парады, аэро-шоу, спортивные представления и т.п. Театрализованные зрелища – это многогранное общественное явление, отражающее жизнь каждого человека и общества в целом.

«Можно дать определение концертно-зрелищной программы как программы предназначенной для зрительского просмотра, состоящей из совокупности концертных номеров, в которой присутствует массовость участников и зрителей, а также может использоваться театрализация, различные жанры искусства, оформленных средствами быстрой и непрерывной смены ощущений, неожиданностями и эксцентрическими разрешениями сценических ситуаций.

Поэтому, в первую очередь, возникла необходимость обратить внимание на качество программ, создаваемых современными режиссерами и сценографами» [3].

Такого рода мероприятия носят массовый характер. В связи с этим в таком виде искусства более заметной становится склонность к усилению декоративного оформления, нередко ориентированного на яркий, но однократный эффект. Карнавально-праздничный характер современных представлений, музыкальных шоу потребовал применения экстраординарных средств, прежде всего связанных с новейшими технологиями. В итоге эти жанры приобрели необычайно масштабный коммуникативный потенциал, способствовали объединению огромной аудитории, что вполне сопоставимо с техникой массового гипноза. Развлекательная ориентация и коммерческая обусловленность неизбежно ведут к усилению именно внешнего плана воздействия.

Современные технологические решения в свете, механизмах, декорациях, звуке, не только обеспечивают зрелищность образов, но в первую очередь помогают создать и поддержать эмоциональную среду спектакля, которая органично окружает актеров и зрителей. Современный театр, так же, как и во все времена, востребован и любим. Зрители с нетерпением ждут новых постановок. Это необъяснимое чудо происходит тогда, когда режиссер и актёры, художник, специалисты постановочной части создают сценическое действие, заставляющее думать, восхищаться, сопереживать, возмущаться, не оставляющее зрителей равнодушными.

Все это дает отличную возможность для достижения поставленных целей, таких как повысить кругозор современного человека, вовлечь в интересный процесс изучения театра, возродить элитарное искусство и сделать его понятным для общества, при этом удерживать тонкую грань с массовым, исключительно коммерческим искусством.

Литература

1. Дубровская О. Театр: Энциклопедия. – М. ОЛМА – ПРЕСС Образование, 2002. – 320 с.: ил.
2. Френкель М. Современная сценография. Некоторые вопросы теории и практики. – Киев: Мистецтво, 1980. – 132 с.
3. Немцева А. Специфика организации постановки театрально-зрелищных форм. – Тамбов: ТГУ им. Державина, 2012.

ЖАЗУШЫ-ДРАМАТУРГ РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ АТЫНДАҒЫ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСҚАН ҚОЙЫЛЫМДАРДЫҢ СЦЕНОГРАФИЯСЫ (Шымкент қ. 2016 ж.)

Тұрсынов Бахтияр,

*ҚазҰӨУ Театртану мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Мұхтарова Ғ.С.*

Жыл сайынғы дәстүрлі өтетін, Шымкент қаласындағы театр фестивалінің сценографиясы жайындағы толғам. Жылда Қазақстанның әр қаласында Халықаралық театр күнені орайластырылып өткізілетін сахна өнерінің байқауы 2016 жылдың наурыз айында Шымкент қаласында өтті (1 сур.).

«Театр көктемі – 2016» Оңтүстікте дәстүрлі өнер фестивалі басталды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне қолға алынған мәдени сайысқа жергілікті 8 бірдей кәсіби ұжым қатысып отыр. Ұйымдастырушылардың сөзіне сенсек, биылғы жарыста өнер ошақтары драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармаларын сахналайды. Бұл үшін шараға автордың өзі арнайы шақырылып отыр» [1].



1 сурет. Рахымжан Отарбаев театр фестивалінде. Шымкент қ., 2016 ж.

Бұл фестивальда сахналанған спектакльдер: «Мұстафа Шоқай», «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан».

«Мұстафа Шоқай»

«Мұстафа Шоқай» бейнесі жазықсыз қараланған тағы бір боздағымыз ғой. Оның образын бүгінге танытудың маңызы туралы

айтып жату артықтау. Қаламына құт біткен қаламгер Р.Отарбаевтың бұл пьесасын екі бірдей театр әкеліпті.

Қызылорда театрын бастап келген Хұсеин Әмір Темір шығарманы бірізді, жүйелі қойып шығыпты. Пьесаға қиянат жасамаған, көп қимаған, оқиға рет-ретімен баяндалады. Шымылдығы ашылысымен сахнаға бала Шоқай шығады. Келесі бір сахнада Мұстафа А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, З.Валиди сияқты қайраткерлермен кездеседі. Суретші Т.Сағымбаевтың сын сағаттағы серттесуді ыңғайсыз ұзын үстелдің маңында өткізуі түсініксіз. Серттескен серкелер бір-бірінен алшак, бір-біріне бөтен. Марияның алғашқы пайда болысындағы қызыл шарфы, Әміре Қашаубаевтың кеше ғана «Ерке-Наз» сән үйінде тігіліп шыққандай заманауи «ұлттық» костюмы, жалпы, кейіпкерлердің киім киістері соншалықты сәтті дей алмаймыз. Басты рөлдегі Бақытбек Темірбековтің Мұстафаға портреттік ұқсастығы бар, дегенмен тағы да ізденіс жетіспейді, қойылымнан кейін Мұстафаның қалпағынан басқа ештеңесі ойыңызда қалмайды. Актерлар Қ.Айтжанова (Мария Шоқай), Ж.Шерниязов (Әміре) керемет ойнап шыққандығын айтуға болады. Сонымен қатар эпизодтық рөлдердегі Уәли Каюм, неміс офицері Шульц рөліндегі актерлар жарқ етті. Ал жалпы әсерге келсек, бұл «Мұстафа» қойылымы күнгірттеу, корреспонденция мақсатын атқарған драма сияқты әсер қалдырды.

Өзгеше Мұстафаны Семей театры ұсынды. Ә дегенде, Шоқай сахнадан емес, бүйір есіктің бірінен шығады. Сахнаға көтеріліп келе жатып: «Бұл ұрыста екеуміз бірдей өлсек, артымызда тоқтышақ иесіз ғой» дейтін монологын айтады. Қойылымды режиссер Қажыахмет Рахмет әдемі қойған. Кейбір көріністерді қоюлатқан, бояуын қалыңдатқан, диалогтарды көріністен көрініске, локациядан-локацияға лақтырған. Соған қарамастан, композициясы жұмыр деп айта алмайсыз. Қойылымда бірнеше әсерлі театралды шешімдер бар. Мәселен, Мұстафа концлагерьге барған сәті. Есік ашылғанда қамаудан бір бала шығып, «қанатын» жайып жүгіріп келе жатады. Әп-сәтте неміс офицері атып түсіреді. Рухын, бостандыққа деген ұмтылысын атып түсірді деген сөз. Осындай, сахнаға жарасымды тапқырлықтар қойылымның құнын арттырады. Бұл театрда қалыптасқан актерлық мектеп байқалады. Қазылар алқасы ұнатпағанымен, Бекзат Омашев Мұстафа рөлін барынша шынайы сомдағандай көрінді бізге. Әсем Баированың (Мария Шоқай образында) сахнадағы өмірінде эстетика бар, көп сөйлемесе

де, көйлегін көлбендетіп жүріп өткенінен-ақ ішкі дүниесіндегі қозғалыстар мен құбылыстар есіп тұрады. Әміре рөліндегі Мырзахмет Сыдықов шағын ғана эпизод болса да қайсарлықтың эталонындай болып жадымызда жатталды. Бұл – жағымды әсер қалдырған әртістер. Керісінше, Розенберг (Б.Ноғайбаев) немістің әскериі емес, ауыл қазағы сияқты әсер қалдырса, Нұржан Хасенов Уәли Каюмды шибөріден де ұсақтатып жіберіпті.

Қоюшы-суретші О.Муравьеваның сахнаға екі бірдей алтыбақан сияқты өңкіген ағашты неге шығарғанын түсінбедік. Ақыры шешілмеді, актерлардың ойынына кедергі келтіріп, тұрды да қойды. Айдауда жүріп Мария Шоқайдың неге той көйлектер киетінін, Мұстафаның неге ақ кестөмін шешпейтінін ұқпадық. Ал қорыта келгенде, қойылымның көркемдік ізденістерінен гөрі идеялық, танымдық, тәрбиелік маңызы басымдау сияқты.

«Бейбарыс Сұлтан»

М.Әуезов театрында қойылып жүрген «Бейбарыс Сұлтан» драмасын алайық. Бейбарыс батыр болыпты, қапысыз ер екен. Мәймөңкелеп жатпайды, кесіп айтады, кесек қимылдайды. Образдың осылай шешілуіне қарамастан, бұл героикалық пьеса емес, автор Бейбарыстың тамырын басып көреді, жүйкесін ұстайды. Сұлтан өзін алқалап алақанына салған Мысыр елінен неге кетті? Қалай қиды? Логикасын іздейді, астарын аршиды. Соңғы көріністің бірінде ол «жалғыз қалдым» дейді. «Мен бармын, ұлдарың бар» дейді Тәжі Бақыт. Бірақ сіз түсінесіз, қатын мен бала Бейбарыстың жан азабын әсте жеңілдете алмайды. Өзі сенетін екі-ақ досы бар еді, олардың да бауырлығын баққұмарлығы жеңіп кетті. Тіпті тірі жүргенде, сол кемшіліктерімен-ақ өмірдің кермек дәмін бірге татқан достары Сұлтанның бір бүйірін толтырып тұрар еді-ау.

Сондықтан Бейбарыс та Гамлет сияқты ойшыл болып шығады. Ол Мысыр елінен ғана шаршаған жоқ, дүниенің мінсіз еместігінен, адамның сатқындыққа бейілділігінен, дүниені жайпаған таққұмарлық пен ашкөздіктен шаршады. Сондықтан туған даласына асықты. Бұл – шынайы суреткер ғана сүңги алатын тереңдіктер. Бізге пьеса сонысымен құнды.

Спектакльді көрнекті режиссер Ю.Ханинга-Бекназар қойды. Қоюшы-суретшісі Е.Тұяқов жаңашыл костюмдерді қолданған. Декорациядағы минимализм де орынды, «так» деп қызыл креслоны

қоя салғаны ғана аздап қораштау көрінгені болмаса, суретші жұмысы иландырады, ең бастысы, эстетикалық ләззат сыйлайды. Музыкалық партитура да асқан талғампаздықпен тандалған. Актерлік ойындарға келгенде, Азамат Сатыбалды әдеттегідей «кейіпкерсындылық» танытып тұрады. Оқыс қимыл, әрлі әрекетіне мін тақпаймыз, бірақ дауыс жүректен шықпайды, бергі жақтан, көмейден шығатындай. Қандай терең мәтіндер айтылып жатыр, шындық жоқ емес, шындық бар, бірақ азап жоқ. Сезіну шындығы жетіспейді. Бұл тұрғыдан алғанда спектакльдегі ең мықты сахна Е.Дайыровтың Қалауыны қатысатын екі көрініс. Бірі оның санасы уланатын, өзінің соған қарсыласатын сәті. «Бейбарыс менің бауырым! Жок!» деп шиыршық ататыны аздай, актер жыртқыштар сияқты «ыррр» ете қалады. Сіз де селк етесіз. Психологиялық мінездемелер осылай берілу керек, актер осылай еңбектену керек. Келесі көріністе Қалауын Бейбарысқа у әкеліп береді. Сұңғыла сұлтан оны біліп тұр, «Қалауын қай жерге дейін барар екен? Ол мені өлімге қиса, мұндай өмірдің керегі жоқ» деп тұр. Екеудің арасындағы осы үнсіз түсіністік Азамат Сатыбалды мен Еркебұлан Дайыровтың сомдауында сұмдық әсерлі жеткізіледі (2 сур.).



2 сурет. «Бейбарыс Сұлтан» спектаклі. М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры (Бейбарыс рөлінде Азамат Сатыбалды). Алматы, 2016 ж.

Спектакльдің сөзсіз табысы актер Бекжан Тұрыстың Уәзір образы. Б.Тұрыс Уәзірдің сыртқы кейпін, шаш үлгісін, жүріс-тұрысын, санын соғып қалып отыра кетер әдетін, бәрін дөп тапқан. Ең бастысы, Ягодан, Жантықтан өрбитін арбаушы, аяр адамның жан дүниесін айнытпай

жеткізген. Ізденетін актер, шаршамайтын актер, сахнадағы өмірден рахаттанатын актер. Б.Тұрыстың ойынынан әдеттегідей орындау саналылығы, тиянақтылығы есіп тұрады. Жалпы, спектакльдің хореографиясы да, сазы да, костюмі де, ұрыстары да, қосалқы рөлдегі актерлары да көркем. «Мен академиялық театрмын» деп тұр. Бас-аяғы жинақы, толысты шығарма. Сондықтан бас жүлдені дәл осы театрдың иеленгені ешкімнің таласын да, дауын да туғызбаса керек.

Дәл осы Сұлтан Бейбарыс тарихи драма негізінде М.Горький атындағы Мемлекеттік Академиялық Орыс драма театры қойылымды орыс тілінде сахналады (3 сур.).

«Талантты қоюшы топ (қоюшы-режиссер Андрей Кизилов, суретші-сценограф «Мәдениет қайраткері» Қанат Мақсұтов) заманауи техникалық құралдарды (киножобалар, бейнесюжеттер, пластикалық би өрнегі және т.б.), қолдану арқылы тарихи колориты жақсы қырынан аша түсті...» (қазақша аударма) [3].



3 сурет. «Сұлтан Бейбарыс» спектаклінің афишасы. М.Горький атындағы МАОДТ, қоюшы-режиссер Андрей Кизилов, суретші-сценограф, «Мәдениет қайраткері» Қанат Мақсұтов. 2013 ж.

«Жәңгір хан»

Тағы бір тарихи шығарманы алған Батыс Қазақстан театры ұжымның потенциалы да қуантты. Режиссер Мұқанғали Томанов эстетикалық талғамының биіктігімен есте қалды. Махамбет пен Жәңгірдің қарым-қатынасы шынында қандай болды? Автор тарихи

шындықты қалпына келтіруге тырысады. Идеялық құндылығын былай қойғанда, қойылымның ең үлкен жетістігі – сахнаның театралдық-көркем түстік шешімі.

Әлқисса, патша қабылдауында болған күні Жәңгір түс көреді. Түсінде Кремльдің (бекіністердің) алдында аула сыпырып жүр екен. Оған Махамбет келіп қосылады. «Хан емессің, қасқырсың!» дейді Махамбет. «Қас албасты басқырсың!» дейді Жәңгір. «Достарың келіп табалап, дұшпаның сені басқа ұрсын!» дейді екеуі бір-бірін жұлқылап тұрып. Махамбет қандай ер болса, Жәңгір де сондай ер екен. Батырын иілдіре алмаған хан, оның қадір-қасиетін жақсы түсінеді, өзгеден артық түсінеді. Автор Жәңгір мен Махамбетті қатар өсіріп отырып, екеуін тең ұстайды, олар Гомердің Ахиллесі мен Гекторы сияқты, дес бермес батырлар, рух батырлары.

Қойылым бастан аяқ новаторлық дей алмасақ та, қызықты режиссерлық шешімдер бар. Әсіресе, сахнаның алдыңғы жағындағы орды әдемі пайдаланады. Мысалы, бір көріністе жазалаушы жасақ қазақ ақсақалын шаңыраққа керіп, қыздарын шашынан сүйрейді, бесіктегі баласын орға лақтырады. Соңында казактардың бірі ауаны айқыштап талтаң басып кете барады. Демек, «бәріңді шокындырамын» деген аса сенімді тайраңы. Келесі көріністе Махамбеттің жігіттері жаңа ғана өктемсіген «батырлардың» өлігін өзімізге таныс орға тастап жатады. Ең соңында Махамбет алақанын жайып бет сипайды да, кері бұрылып кете барады. Осы бір қимылда ыза да, қайсарлық та, тәубе де, заман үшін, соғыс үшін, төгілген қан үшін Құдайдың алдында кешірім сұрау да бар.

Суретші М.Мәмбетовке Жәңгірдің хан салтанатын сездіретін қымбат костюмы үшін, халық сағынып жүрген Махамбетті бұғалақ бүгінімізге жақындатып тұрған былғары киімдері үшін алғыс айтуға болады. Бірақ хан сарайындағы (шартты болса да) әшекейлердің салбырап тұруы – тақырыпқа сай емес. Актерлік жұмыстарға келгенде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ербол Есендосовтың (Жәңгір хан) сахнадағы күйініші де, сүйініші де шынайы, ал Қуаныш Амандықов (Махамбет) қызуқанды болғанымен, Махамбеттің түйдек-түйдек өлеңдері, автордың сұлу сөзі жұтылып кетіп жатты. Фатима (Жанаргүл Құрманғалиева) сұлу болғанымен, спектакльде артықтау, ақпараттық миссиядан аса алмай тұр. Ал С.Қажымұратов (император), Б.Исалиева (патшайым), М.Бектенов (Қарауылқожа) сынды әртістер эпизодтық рөлде ізденудің ең үздік үлгісін көрсетпесе де, материалға

қиянат қылмады.

Бұл фестивальдегі спектакльдердің безендірілуі қазақ театрындағы сценографияның дамып жатқанын көрсетті.

Әдебиеттер

1. «Театр көктемі – 2016» өнер фестивалі басталды. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: <https://kz.otyrar.kz/2016/04/teatr-k%D3%A9ktemi-2016-%D3%A9ner-festivali-bastaldy/>

2. Отарбаев Р. Бейбарыс Сұлтан / пьеса, 2006.

3. Отарбаев Р. «Султан Бейбарс», легенда. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: <http://afishaday.kz/theatre/905-rotarbaev-sultan-beybars-legend.html>

МИХАИЛ БУЛГАКОВ: НАЧАЛО ТЕАТРАЛЬНОЙ ЖИЗНИ

Алинов Аман,

студент 2 курса специальности Живопись

(специализация Станковая живопись)

Диалогтармен қатар, монологтарды да айтып отырған. Кейде аттың шабысын айтқанда домбыра беті, қобыз шанағынан шапқан аттың дүбірін де шығаратын болған. Жылауды да, күлуді де айнытпай салып жырлаған. Сөйтіп, эпос жанрын әр қилы орындаушылардың өзі бір төбе өнершілер ретінде драмалық, комедиялық қабілеттерімен ерекше көзге түскендері мәлім.

Әдетте біз бақсы дегенді діни, алдаушылық деген ұғыммен байланыстырамыз да, қоя саламыз. Ал, сол бақсының жырмен, музыкамен, және қимыл-әрекетпен байланысты жақтарын біле бермейміз. Әрине кесел адам емделеді, ал саулар бақсы ойнайтын үйге театрға барғандай жиналады. Бақсы өзін қоршаған халықты күй, күйшілік қуатымен баурауға тырысады, сондықтан ол барлық үнімен жыр ырғақтарын жігерлі пайдаланады, әдемі даусына сыншылдық қосады.

Қазақтың бақсыларымен қатар жұрттың көңілін көтеру үшін бақсы болып ойнайтын өнерлі жігіттері де болған. Ондай өнерпаздардың ең шеберлері ел арасындағы қулардан шыққан. Олар көрермен халықты сан-алуан қызыққа батырған. Сараң байлардың ауруын «көшіріп», «жындарын» қаққан, дос-жарандарының сілелерін қатырған. Мұндай талант иелері өз кезеңінде нағыз актер қызметін атқарған. Осы дала «театрының» артистері болған қуларды атап кетсек: Алдар көсе, Жиренше, Айдарбек, Торсықбай, Қантай-Тонтайлар болған.

Ал, қазіргі әртістер ойынын айтатын болсақ, онда да өте қызықты, жаңа туған өнердің өміріне лайық заңды оқиғалар болды. Күні кеше жыраулар жалғыз орындаған дастанды енді толып жатқан әртістер бөліп орындады. Сонда орындау әдісін жаңағы шебер жыраулардың ескіден орныққан дәстүрлеріне байланыстыруға тырысты. «Арқалық батыр» қойылғанда – батырлар сөзін айтқан әртістердің терме ырғағымен әндете сөйлегендері соның айғағы еді.

Ал, Күләш Байсейітова сияқты қазақ қыздарынан шыққан данышпан әртіс – Қыз Жібек, ақын Сара сияқты рөлдерді ойнауға алдын ала, яғни бұл шығармалар жазылмай, қойылмай тұрғанға дейін дайын еді. Өйткені, бұл образдарды қалай жасау жолдары да эпос орындаушылар

дәстүрінен мәлім және қызықты болатын. Эпостағы ертеден мәлім кейіпкерлердің сол дастандар сипаттаған күйде сахнаға шыға келгенде жұрттың өз таныстарын көргендей қуана қарсы алғандары да сондықтан. Даңқты әртістердің бірі Құрманбек Жандарбеков Бекежан рөлінде шыға келгенде театрдағы халық орнымен бірге әндетіп кеткендей сезілді.

Айттым ғой ерегес бір іс істетті

Түбіне Төлегеннің намыс жетті, –

деген екі жолды әртіс айтқаннан соң, жалғасын халық өзі іштей көтеріп әкететін.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі тұлғалардың бірі «сал», «сері» деген бейнелер. Олар бір жағынан, әдебиет кейіпкерлері болып көрінсе, екінші жағынан, өздері – ақын, композитор, әнші болыпта өнер тарихына кіреді. Олардың ең мықты, ең мәшһүрлері - Біржан сал мен Ақан серілер. Бұл сал мен серілердің өмірін айтсақ, бірнеше салаға бөлініп айтылатын аңыз секілді қызықты. «Аққуға аспандағы әнін қосқан» Біржан әншілігі мен айтқыш импровизатор ақын кейпінде белгілі. Оның ақын Сарамен айтысы ауыз әдебиетінің алтын қорына қосылып, театр сахнасынан бірақ шықты. Ал, Ақтоты мен Құлагер сияқты жүйріктеріне байланысты хикая, өз өмірінің тұсында өз аузымен ғажап жырланып, бүкіл қазақ халқына таралды.

Серінің сол шығарған ән жыры кейін пьеса, поэмаларға айналды. Ақан сері образы қазақ театрына жарық пен жылу қосты.

«Сал-серілікке» еліктеушілер болған. Олардың да сырт келбеттері ешкімнен кем емес: үкілі, шашақты киімдер киген, мінездері де ерке, бірақ өнерден алыс болғандықтан, қылықтарының көбі күлкілі мазаққа айнала беретін болған.

Мұндай бейнелер туралы комедиялық хикаялар аз емес. Бұлар да сахнаға күлкі әкелетін образдар.

Қорыта келгенде белгілі ғалым В.В. Радлов: «Әрине шешендіктен осыншалық ләззат алатын халық сырлы сөзге дүниедегі ең биік өнер деп қарайды. Сондықтан да қазақтың поэзиясы аса биікке көтерілгенше дамыған» [3, 3 б.] – деген сөзіне көңіл аударсақ елдің барлық көне дәстүрін, ойын-сауығын ән мен жырға айналдырған халық өз дастанын классикалық дәрежеге көтергенін көреміз. Міне, осындай бай халық поэзиясы бүгінгі үлкен әдебиеттің туып, қалыптасуына негіз бола отыра, театр өнерінің де бастауы болды.

Демек, театр өнеріне байланысты да соны айтуға болады: қазақтың

халық поэзиясы барлық байлығы, қызықтылығымен бүгінгі театр өнерінің бастауымен қалыптасуына ұлттық мұра бірінші негіз болды.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жалпы театр өнері мен қазақ театры // Уақыт және әдебиет. – Алма-Ата, 1962.

2. Хусайынов Ш., Дүйсенбаев Ы. Қазақ ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр драмалық элементтер. // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, көркемөнер зерттеу сериясы. – Алма-Ата, 1950.

3. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племён. – Ч.5. – СПб: Типография Императорской Академии наук, 1885.

РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ «САҒЫНТЫП ЖЕТКЕН ЖАЗ ЕДІ» ПЬЕСАСЫНА СЦЕНОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МИЗАНСЦЕНАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Шакер Айдос,

ҚазҰӨУ Сценография мамандығының

(Театр декорация өнер мамандандырылуы) I курс студенті

Ғылыми жетекшісі – доцент Балтаев С.Б.

Бүгін мен Роллан Сейсенбаевтің «Сағынып жеткен жаз еді» пьесасына сценографиялық тұрғыдан өз нұсқамды баяндамақпын. Пьеса трагедия жанрында жазылған. Бұл пьеса адамзат баласының шынайы өмірінен алынған оқиғалар, соғыс жылдары, күйзеліс және қуанышты сәттері суреттеліп жазылған туынды. Жазушының кейіпкерледі шынайы бейнелерін аша білген. Сол жылдардағы соғыстан тыс халықтың жағдайы қалай болды, қандай қиыншылықтары болғаны жайлы жазылған. Сенімділік, сатқындық, опасыздық, махаббат, ержүректілік сияқты адами қасиеттер айқын жазылып, бейнеленген (суреттелген). Осы шығарма арқылы қазіргі таңдағы бейбіт, тәуелсіз мемлекетте тұрып жатқанымызды қадір тұтып, бағалай білуіміз керектігін айқындайды.

Жылдар бойы бабаларымыз армандап өткен тәуелсіздігіміздің тұғырын биікке көтеріп, әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз қажет.


Ал мен бұл пьесаны таңдау себебім ата-апаларымыз елді, жерді, отанымызды жанын шүберекке түйе жүріп, жерді қорғап, кейінгі ұрпаққа қалдырғандары үшін қадір тұтуымыз қажет. Тәуелсіздігімізді бағалауымыз керек дегенді жеткізгім келді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін де соғыс. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Неменене жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, – деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға тапталпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан.



1 сурет. Автордың деректерге байланысты салған мизансценалар

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Өзім жасаған эскиздерге келер болсам, жан-жақты іздене отырып неше түрлі картиналар, фотосуреттер, кинофильмдерден қарастырдым. Осы тақырыпқа сай өлеңдер, әңгімелер оқудың барысында ой түйдім. Сол арқылы жеткізуге тырыстым. Мысалға оқиға көбінесе тұрғылықты құмды жердегі өмір, тылдағы адамдар өмірі, соғыстағы адамдар арасындағы қарым-қатынасы қалай болды деген сияқты көріністер.

Қойылымнан кеіін көрермен бір өзгеше әсер алып, ой түйіп, өмірді басқа қырларынан таныса деймін (декорация және актерлар көмегімен).

Ата-ананың балаға деген махаббаты. Сол жылдардағы адамдар тұрмысы. Кез келген адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – ана. Ана баласы қандай қателік жасаса да кешіреді. Оның мейірімділігінде шек жоқ. Ана болу – бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек.

Жаздың аптап ыстығы, қыстың сүйектен өтер желінен соң, көктем айларында қайырымды сиқыршыдай, ұйқыдағы сұлуды оятқандай табиғат түрленіп ала жөнеледі, салтанатты түрге енген қуаң дала қатты сүйсіндіріп, таң қалдырады. Естен кетпестей көрініс пен сиқырлы әлем, өмір салтанаты түрлі бояуларға оранады.

Болар елдің баласы он бесінде баспын дер,
Болмас елдің баласы отызында жаспын дер.
Тура ағаш үйге тіреу,
Тура жігіт елге тіреу.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан

шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М.В. Панфилов болды. Армия қатарына 1196164 (1196300) қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Бізге соғыс деген – өлім дейді. Жок, соғыс – өз-өзін өлтіру[1].

Онда мақта теңіз болып шулайды,
Ақ орамал көтереді, бұлғайды.
Бір ғажабы «шөл даланың» өзінде
Қыз-бұлбұлдар гүл туралы жырлайды.
Ақ мақталы, бау-бақшалы гүл мекен,
Асанқайғы аралаған жер екен.
Ол кездерде меңіреудей мелшиген
Тас бауырлы, тандыр емшек шөл екен.
Жүргіншіден алып қалып бір аңыз,
Қобыз тартып күңіренген құла дүз.
Желі қақтап, күні аптап күйдіріп,
Құмдарына сала алмаған құлан із.
Тұлпарлардың тозып болат тұяғы,
Сұңқарлардың күйген қанат қияғы.
Сол заманда «Мырзашөл» деп ат қойған,
Қайран елдің қандай ұшқыр қиялы.

Отан соғысының аласапыран шағын көгілдір экран арқылы жеткізген қандай көркемфильм сізге айрықша ұнайды?

Отты жылдардағы асқан зұлымдық, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, жауынгерлердің елге сағынышын, мөлдір махаббатын экрандағы фильмдерден көзге жас алмай көру мүмкін емес.

1957 жылы Михаил Калатозовтің режиссерлігімен түсірілген «Летят журавли»;

1959 жылы Григорий Чухрайдың режиссерлігімен экрандалған «Баллада о солдате»;

1967 жылы Мажит Бегалиннің режиссерлігімен түсірілген «За нами Москва» фильмі;

Михаил Шолоховтың шығармасы желісінде түсірілген «Адам тағдыры» фильміндегі Соколов образында киносүйер қауымның жүрегіне жақын. Соғыс салдарынан отбасынан айырылған шарасыз

әке, жетім қалған Ваняны бауырына басады. Бұл жалғыз Соколовтың басында ғана емес, бүкіл халықтың басындағы шарасыз, бақытсыз қалді суреттеген кинокартина болатын.

Қалың көпшілікке кеңінен тараған «Смуглянка» әні «В бой идут одни старики» фильмінің мотивінен айналғанды. Маэстро, Смуглянка, Кузничик, Ромеоның әрбір айқан қалжың сөздері жадымызда жатталып қалды.

«А зори здесь тихие» фильміндегі 5 жауынгер қыздың тағдыры сан қилы. Ержүрек қыздар отан үшін аянбай күресіп, жау қолынан мерт болады. Ұлы жеңістің 70 жылдығына орай Ресейлік киногерлер осы фильмнің жаңа нұсқасын экрандады. Бірақ алғашқы түсірілген нұсқасының маңызы да, мәні де терең.

Шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүкке соғылған ескерткіш, «Мәншүк және мергендер» кинофильмдері. «Батырдың майдангер достары» фильм экранға шыққанда басты рөлді сомдаған Айтұрған Темірованың Әлияға 80% ұқсайтынын айтқан екен. Расында өз кейіпкерінің жан дүниесіне барынша үңілген актриса қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың ерлігін кино арқылы шебер жеткізді.

1972 жылы «Орман хикаясы» фильм шықты. Фильм белгілі жазушы Әди Шәріповтің «Партизан қызы» хикаясы негізінде түсірілген. Соғыстың алғашқы күндері кеңес офицерінің он жасар қызы Айгүл шешесінен айырылады. Әбден күйі кеткен ауру қызды қарт диірменші мен оның немересі Федя фашистерден жасырып қалады...

Қазақтың қас батырлары Бауыржан Момышұлы мен Қасым Қайсеновқа арналған кино туындылар да жас ұрпақты ерлікке жетелей бермек.

Серік Таласовтың режиссерлігімен «Майдангер» фильмі;
Ақан Сатаевтің режиссерлігімен «Анаға апарар жол» фильмі;
Емек Тұрсыновтың режиссерлігімен «Жат» фильмі.

Жоғарыда қарастырылып отырған фильмдерді қарай отырып қолданылған суретшілік қойылымдарын, актерлардың киген киімдерін, сол уақыттағы халықтың жағдайын айқын байқауға болады. Соғыстан тыс тылдағы адамдардың жағдайлары қалай болғанын аңғаруға болады. Сахналық сәндеуге, декорациясын жасауға көмегі тиері сөзсіз.



2 сурет. Автордың эскиздері

Бауыржан Момышұлы ағамыздың сөзімен аяқтасам.

«Біз майданда болдық, белуадан қан кештік. Тылда жүріп көз жасымызды көл еттік. Күн-түн демей еңбек етіп, жеңіс үшін тер төктік. Осының бәрін біз тарих алдында, Отан алдында, адамгершілік намыс алдында ақниетпен азаматтық борышымызды өтеу үшін істедік. Сөйтіп оны абыроймен ақтадық. Бұл жеңіс бізге арзанға түскен жоқ. Ел дегенде еңіреген ерлеріміздің қан майданда құрбан болғандары аз емес. Қол-аяғын беріп, мүгедек болып қайтқан ерлеріміз де аз емес. Ұлы Отан туған елім, туған жерім. Ұлы Отан соғысының жалынына шарпылмаған біздің елде бірде-бір семья жоқ. Соғыс қайғысы, соғыс мұңы әрқайсымыздың басымыздан өткен. Солдаттың сағынышы, ата-ананың қайғысы, жардың мұңы, жетім-жесірдің көз жасы. Әрқайсымыздың басымыздан өтті. Мен өзім қырғын-қырғында тірі қалған жандардың бірімін. Сол сұрапыл қырғын соғыста еліміздің талай саулақ батырларының, ақылды ерлерінің қаза тапқанын мен өз көзімменен көргенмін. Менен артық, менен батыр, менен ақылды жігіттер өліп кеткенін көзіммен көргенмін. Олардың имандары жолдас болсын. Олар Ұлы Отанымыздың тәуелсіздік үшін жан-тәнін аямастан соғысты. Тәуелсіздік үшін жан тәсілім етті. Имандары жолдас болсын» [2].

Әдебиеттер

1. 9 мамыр. Соғыс туралы қанатты сөздер. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: http://massaget.kz/arnayyi_jobalar/9-mamyr/1775/ Massaget.kz.
2. Интервью: Бауыржан Момышұлы жанды дауыс. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: <https://youtu.be/4x2VsEQikr0>.
3. Сейсенбаев Р. Түнгі диалог: пьесалар жинағы. – Алматы: Өнер, 1992.
4. Мәуленов С. Мырза шөл: Өлең. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: bilim-all.kz/olen/3595-Myrza-shol

М.ӘУЕЗОВТЫҢ «ТАС ТҮЛЕК» ПЬЕСАСЫНЫҢ ҚОЙЫЛЫМЫ

Қалдыбаева Айгерім,

ҚазҰӨУ Сценография мамандығының

(Театр декорациялық өнер мамандандырылуы) 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Мұхтарова Ғ.С.

Ең алдымен Мұхтар Әуезовтың «Тас түлек» пьесасына тоқталатын болсақ. Әуезовтің қаламынан шыққан, бүгінгі күн тақырыбына арналған «Тастүлек», «Алма бағында», «Ақ қайың» пьесаларында саяси қателік жоқ, бірақ көркемдігі төмен туындылар. Лиро-эпостық жырдың оқиғасын сақтап жазылған М.Әуезовтың «Тас-түлек» деп аталатын пьесасы – жаңа социалистік қоғамның қажетін өтеу мақсатында, заман ағымымен жарық көрген шығарма.

Кеңес саясаты романды жазуға емес, жазбауға әрекет жасады деуіміз керек. Ұлы жазушы түрмеден шыққанда да кенестік құрылысты, кеңестік өмірді жазамын деп босанды. Берген уәдесінде тұрып «Тас түлек» сияқты, басқа да шығармаларын бірінен соң бірін алғашқы қарқынмен жазып тастайды. Осылардың ішінде «Тас түлек» сол кездегі ашаршылық туралы болғандықтан, оның жалғасын жаздырмай қойды. Шығарма шиеленісті жағдайды көтерген кезде тоқтап қалды. Бұған дейінгі сегіз бөлімі жазылған еді. Жоспарының түгел сақталмауында да осы қыспақтың әсері бар.

Үлкен әлеуметтік төңкерістердің әсерінен халық санасына түскен өзгерістерді, рухани эволюцияны бейнелеу жолында Мұхтар Әуезов,

әсіресе драматургияда, сан алуан творчестволық тәжірибе жасады, қалыпты поэтика тұрғысынан қарағанда ерсі көрінетін шығармалар да жазды. Осы ретте «Тас түлек» драмасына бірталай назар аударуға болады. Бұл пьеса ең алдымен өзінің архитектурникасымен қызық. Әрбір көріністе драматург жаңа өмір құбылыстарын алдына тартады. Соның негізінде қаһармандар бойында пайда болған рухани, психологиялық жаңғыруларды көреміз. Бас-аяғы тұйықталған, аз уақыт ішінде бұрқ ете түскен тартыс емес, бірнеше жылдарға созылған тармағы мол күресті аңғарамыз.

Алғашқы көріністерде Қондыбай байдың кәмпескеленуіне байланысты айтылып жатқан әр түрлі сөздердің үстінен түсеміз. Таптық көзқарас, әлеуметтік пиғылдарды драматург мінездік ерекшеліктерімен сабақтастыра көрсетуді мақсат тұтқан. Негізгі персонаждардың барлығы да бірден сахнаға шыққанда олардың ішінен Бөлтірік әрекеті көзге айқын шалынады.

Оның Қондыбай болып Арпабай мен Есбикені қорқытуы жеңіл күлкі, арзан эффект емес, сәтті табылған деталь. Енді құлдық, күндік ит тірлікпен құтылып, мойнымыздан қамыт түсіп, есе теңдікке жеттік деп қуана бастаған пұшайман жандар тағы бұрынғы айғайды естігенде шошымай қайтеді.

Байдың қызы, оң жақта бұлғақтап өскен ерке тотай Шәкеннің әкесіне ермей, кедей-кепшік, жарлы-жақыбай қасында қалып қоюы маңызды әлеуметтік қадам. Ірі байларды жер аударып, енді өздері билікке ие болған жандардың ауылдағы күрес, тартысы талай шығармаға арқау етілген тақырып. Көркем туындыны бағалағанда авторлық мақсатты, жанр шарттарын ұмытып, үнемі бірқалыпты талаппен, бір өлшеммен есте әділ пікір айтылмаса керек. «Тас түлек» жайлы жазғанда драматургтің сюжет құруда шарттылық тәсілдерін пайдаланғанын ұмытуға болмайды. Қарқынды өмірдің аршынды қадамдарына ілесе түлеген, қоса жаңғырып өскен тағдырларды бейнелеу ерекше ескерілгендіктен автор кейіпкерлерін әдейі әр түрлі орайда көрсетеді.

Ауылдан кеткен жастардың құрылыс жұмысында жүргендегі психологиялық өзгерістер күлкілі жайттармен сабақтасып жатыр: зілсіз, жайма-шуақ, өзіл-қалжың. Драматург қосалқы персонаждарды керекті жерінде сәтті енгізген.

Әуелде тізеге тізе, білекке білек қосып, күрестің үлкен жолына бірге аттанған жастардың келе-келе іргесі бөліне бастайды. Жай кикілжің,

түсінбеушілік емес, дүниетаным алшақтығынан, таптық көзқарастар қайшылығынан туған қақтығыс бой көрсетеді.

Задында буыны қатып, бұғанасы бекіп кеткен адамның басқа ұлттың тілін тез үйренуі, әсіресе фонетикасы, лексикасы, грамматикасы ұқсамайтын тілді меңгеріп кетуі қиын шаруа екені анық. Драматург қаһармандарының бойындағы өзгерістерді, марқаю эволюциясын сенімді штрихтармен бейнелейді. Ауыл жігіттерінің орыс тілін білуге күш салуы осы орайдағы қиындықтар, күлкілі әрекеттер, юморлық жайттар қызық мінездер сахналық әрекет, бояуы қанық диалогтар арқылы ашылған.

Пьесаның басында бір рет пәлелі сөздерімен, жат пиғылымен көрініп қалған персонаж Әшімнің кешегі ауыл жастары, қазір оқуға ден қойған Бөлтірік, Қамбар, Алатайлардан айырмашылығы – кішкентайынан білім алғандығы. Ол жаңа заманның, прогрестің, өркендеудің кәдесіне жарауды, революциялық идеалды мұрат тұтушы емес, көксейтіні ескілік, аздың табанына көпшіліктің түскен кезеңі, сол дәуір, сол баяғының моралі. Ашық майданнан тайқып ұрлық-ғайбат тәсілін ұстанып, қармақ салып отыр.

Туыстығына қарамастан Қондыбай байдан безіп, оның әулетінен іргесін бөліп, ат құйрығын кесіп кеткен сыңай танытқан Құсбектің шын сыры тереңде, қоймасы қалың жықпылда екен. Ұлт араздығын қоздыру ниетімен қасақана таратылған өсектің оты лап ете түскенде, жастар екі жарылады. Бір қанатта Қамбар, Бөлтірік, екінші қанатта Құсбек, Местер. Драматург осы тартысты жан-жақты көрсетпей, басқа жайтқа ауысып кетеді.

Бір ескеретін нәрсе, «Тас түлек» драмасындағы кейіпкерлер өзара туыс, ерлі-зайыпты, ағалы-қарындасты, әкелі-балалы қатынаста алынған. Драматургтің жаңа семьялық моральдің тууын көрсету талабын құптай отырып, артық кеткен, жасанды, ситуацияға ұрынған кездерін айтуымыз керек. Тұтас қарағанда, бұл пьесадағы тартыс жұмысқа, оқуға аттанған жастардың қайтып оралып, совхозда іске кіріскен кезінен бастап арна табады.

Авторлық позиция, драматург идеалы көпшілік сценаларында жақсы аңғарылады. Сегізінші суреттегі шопандар арасындағы диалогтан совхозда жүргізілген арандату, зиянкестік қылмыстарының тап күресінің жалғасы, алапат шайқастың соңғы жаңғырығы екені ұғылады. Қосалқы, эпизодтық персонаждар мінездік ерекшеліктерін танытып

қалады.

Ұрланып жүріп, қашып-пысып жан сақтаған Қондыбай бай мен ел көріп, жер көріп жаңа заманның соны қасиеттерін бойына сіңірген Арпабай кедей соңғы актінде карама-қарсы планда, онтраст ыңғайда алынған. Қазақтың екі шалы. Кеше ғана біреуі қожасы, екіншісі соның есігіндегі қызметшісі еді. Бүгін бұлардың арасындағы айырма жер мен көктей. Бірі – өзгерген, өскен, биіктеген әлеуметтік сананың адамы. Кезеңнің сырын ұққан. Екіншісі – қашып бара жатыр. Қондыбайды ізіне түсіп, шопандарға көп жайтты ұқтыру арқылы тырп еткізбей ұстап алды Арпабай.

Пьеса финалында драматург шығармаға берілген аттың символикалық мән-мағынасын Арпабайдың монологінде ашып береді.

- Балаларым, түлек екені рас. Қазір барлық Қазақстанның, жаңа жұртшылықтың өсуі де солай. Түлеп өседі ғой. Сен соның бір ұшқыны, бір шоғырысың. Көңілің осе, қайратың тола, мерейің аса түледің. Мұның аты – тас түлек. Тас түлек болсын бұл түлек (8-т. 446-бет).

Жаңа адамның әлеуметтік күрес үстінде тууын көрсеткен, ескі семьяның ыңырап, жаңа семьяның қалыптасуын бейнелеген, таптық шайқастар майданында әке мен бала, аға мен қарындас, күйеу мен әйел арасында болған тартысы суреттеген «Тас түлек» пьесасы Мұхтар Әуезов драматургиясындағы қызықты шығарма.

Дайындықтың сахнадағы кезеңі және мизансцена

Сахна кеңістігі шарттылыққа бағынғанымен, ондағы оқиғалар өтетін уақыт нақты болады. Уақыт шарттылыққа бағынбайды. Ол қай кезді көрсетсе де, дәл қазір өтіп жатқандай уақыт бірлігінде баяндалатындықтан осы шаққа тәуелдігінен ешқашан ажырамайды. Ал сахна кеңістігі керісінше шарттылық шеңберінен шыққан емес. Оны игеру – қойылымның композициясы мен безендірілуі бар, актерлардың орналасуы бар, жарық пен музыкасы бар барлығы көркемдік мәнге, астарлы ойға құрылуы қажет. Сценография безнелеу өнерінен гөрі, сәулет пен дизайн өнеріне жақын. Қазіргі сценографиялық шешімдер шарттылықтың бар мүмкіндіктерін пайдалануға жағдай тудырып жүр. Мысалы Ю.П. Любимовтың қойған «А зори здесь тихие» қойылымының декорациясын алып қарайық: машина кузовының төрт жақтауы – бірдеме казарма, бірде монша, бірде орман, бірде тартпа батпақ ретінде қолданылады. Тапқырлығына тамсана отырып сенесің, шешеімдерін қабылдайсың. Режиссер мен суретшінің эстетикалық талғамының

жоғары деңгейін көруге, қолтаңбасын түсінуге осының өзі-ақ жетіп тұр емес пе! П.Штайнның «Вишневый сад» қойылымының декорациясы тура өмірдегідей, натурализмге құрылған. Ауқатты әулеттің бір кездегі сарайға бергісіз еңселі үйі. Шөмеле шөптің үстінде серуен құрып отырған жұрт, бұтақтары жуандап, гүлдеген шие бауларының барлығы өмірдегі өлшеммен жасалған. Символдық шешімдер арқылы астарлы ой айтуға ұмтылды. Сахна артық заттың орныны емес. Әрбір заттың көтерер жүгі, өзіндік міндеті болуы керек. «Қойылымның басында сахнада ілулі тұрған мылтық, соңында атылуы керек» – деп, А.П. Чехов тауып айтқан.



1 сурет. Автордың мизансценалары

Суретшінің эскизі бойынша декорация мен киімдері әбден дайын болып режиссер сахнаға шығады. Актерлардың сахна кеңістігіндегі орналасуын (мизансценасын) қайтадан қарастырады. Актердің сахна кеңістігіндегі әр қимылын, орналасуын режиссердің ұйымдастыруы – міндет. Мизансценаның түрлері көп болғанымен негізгі екі топқа бөлуге болады. Біріншісі актерлардың еркін қозғалысы, екіншісі көрермендерге ой салудың құралы ретінде пайдалану.

Мизансценаның психологиялық жүгі мен дәлдігі – пьесадағы көріністерді сөзсіз ойнағанда да түсінікті болатындай болуы керек. Мизансцена – ойсыз қозғалыс емес, қойылымның жанрлық ерешеліктерін айғақтайтын астарлы әрекеттер. Мизансцена эпизодтың, көріністің, актінің айтпағын немесе айтуға тиісті астарларын пластикалық тұрғыдан көрсетуді мақсат етеді. Мизансцена – кейіпкердің ойы мен сезімін жеткізудің көрінісі. Сахналық әрекеттің аса маңызды мәнін бейнелі түрде берудің мүмкіндігі. Барлығы режиссер шешімінің қажеттілігінен бастау алады.



2 сурет. Автордың макеты

Соңғы кезеңде декорация, реквизит, музыка, киім, жарыққа қоса гриммен «прогондар» басталады. «Өткінші» мизансценаларға орын жоқ. Егер бола қалған жағдайда белгілі бір мақсат атқару үшін арнайы құрылуы керек. Әр пьеса, әр қойылым өзінің көтерген мәселесі мен мақсатына қарай ерекше мизансценаны қажет етеді. Ертеңгі дайындыққа да сахналық бейнені жасаудың бүгінгіден де қызықты да, әсерлі жаңа жолдарын ойластыруы шарт. Іздену тоқталмақ емес. Премьерадан кейінде үздіксіз жалғаса бермек.

СЕКЦИЯ 2 ТЕХНОЛОГИИ БУДУЩЕГО – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

ИННОВАЦИОННЫЕ КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДИЗАЙНЕРОВ КОСТЮМА КИНО И ТВ

*Володева Наталья Александровна,
кандидат искусствоведения, доцент КазНАИ им. Т.Жургенова*

Мир современного кинематографа стал почти полностью цифровым, и эта тенденция только усиливается с каждым годом. Почти стопроцентная дигитализация кадра привела к тому, что цифровые технологии используются на каждом этапе работы над проектом, начиная с разработки концептуальных дизайнов и заканчивая стадией постпродакшена готового фильма. Следствием столь активного внедрения инновационных технологий в производственную практику киноиндустрии стало то, что современный художник по костюму должен обладать рядом навыков, которые не требовались от специалистов предыдущих поколений. Это касается не только владения цифровыми технологиями как инструментом, но и сути профессии в целом – на сегодняшний день ее наиболее емким определением будет «концептуальный дизайн», и дизайн костюма – лишь его часть. Понятие «художник по костюму» является устаревшим и используется в основном на постсоветском пространстве. Термин «дизайн», единственный, используемый англоязычными специалистами (в словосочетании «costume design»), гораздо шире по своей сути, так как дизайн предполагает поиск новых форм, концепций, технологий, способов обработки и т.д. Таким образом, дизайнер костюма гораздо более полифункционален, чем художник по костюму, и одной из его значимых профессиональных функций является использование инновационных инструментов в своей творческой деятельности для поиска нового результата в рамках поставленной режиссером задачи. Компьютерные технологии проектирования являются одним из основных инновационных средств, которыми оперируют дизайнеры костюма кино и ТВ в наши дни.

Спектр программного обеспечения, которое может привлекать

для своих проектных целей дизайнер костюма, чрезвычайно широк. Это программы растровой графики, позволяющие работать над проектированием костюма и грима (Adobe Photoshop, Corel Painter), программы векторной графики, предназначенные для разработки технических эскизов костюма, чертежей, схем (Adobe Illustrator, Corel Draw), программы трехмерной графики, ориентированные на работу с объемными моделями (Autodesk 3DS Max, Maya, Light Wave 3D и пр.).

Даже основополагающий этап работы над проектом – сбор и систематизация исходного материала – ныне ведется с использованием компьютерных технологий. Повсеместное распространение интернета и общедоступность информации позволяют с легкостью найти материалы на необходимую тему. Вместе с тем, необходимо обладать высокой профессиональной квалификацией, чтобы среди такого изобилия информации выделить по-настоящему значимые и корректные данные, синтезировать их в готовый продукт дизайн-проектирования. Значимым фактором является возможность систематизации и каталогизации собранных исходных данных, возможность их быстрого поиска, демонстрации, в том числе удаленной, другими членами команды, работающих над кинопроектом.

Оформившаяся в сознании дизайнера костюма мысль может быть быстро зафиксирована и визуализирована при помощи программ растровой графики. Одни авторы предпочитают начинать работу с карандашного скетча, впоследствии сканируя и колорируя его, другие весь процесс рисования ведут на компьютере. Использование такого инструмента, как графический планшет, в сочетании с программами растровой графики Adobe Photoshop и Corel Painter, позволяет имитировать практически любую традиционную графическую технику и материал. Современные графические планшеты (в частности, произведенные компанией Wacom), отличаются чувствительностью к давлению и углу наклона пера, высокой точностью. Одним из плюсов рисования в программах растровой графики является возможность чрезвычайно быстрого редактирования эскиза – замены цвета, тона, пропорций, удаления и добавления элементов. Метод фотомонтажа позволяет придать эскизам высокую степень реалистичности, а возможность масштабирования эскиза позволяет создать высокодетализированное изображение. Современные дизайнеры зачастую работают с фотографией конкретного актера, создавая эскиз

костюма непосредственно на ней, используя фотографии конкретных тканей. Это позволяет разработать эскиз, который даст полное, предельно ясное представление о законченном костюме, что облегчает диалог с режиссером и прочими участниками рабочего процесса – конфекционерами, закройщиками, швеями, декораторами, гримерами, костюмерами.

Дизайнеры компании Lucas Arts одними из первых задействовали возможности компьютерной разработки эскизов костюма еще во второй половине 1990-х годов, при работе над концептуальными дизайнами для фильма «Звездные войны: Эпизод I. Скрытая угроза». Iain McCaig, ныне признанный мастер цифрового концепт-арта, и дизайнер Ann Maskrey создали костюмы, являющиеся синтезом традиций прикладных ремесел и костюма различных этносов, инноваций высокой моды того периода и футуристических представлений о костюме высокоразвитой технологической цивилизации [1]. Этот проект был прорывным и оказал значительное влияние на методы работы голливудских художников по костюму, предопределив их на десятилетия вперед, до сегодняшних дней и далее. В качестве концептуального дизайнера Iain McCaig (рис.1) [1] работал над многочисленными значимыми проектами студии Lucas Arts и других («Атака клонов», «Гарри Поттер и Кубок огня», «Интервью с вампиром», «Терминатор-2», «Пробуждение Силы»). Ann Maskrey широко известна в профессиональных кругах благодаря работе над трилогией «Хоббит» (рис.2) [2], над проектами «Герцогиня», «Пятый элемент», «Суини Тодд, демон-парикмахер с Флит-стрит».



Рисунок 1. Iain McCaig, концептуальный дизайн костюмов для фильма «Звездные войны: Эпизод II. Атака клонов»



Рисунок 2. Ann Maskrey, концептуальный дизайн костюмов для фильма «Хоббит: Пустошь Смауга»

Программы векторной графики используются дизайнерами костюма в более специализированных целях, среди которых – разработка технических эскизов изделий, орнаментов и декора, художественного текстиля. Векторная графика незаменима при работе над сложными орнаментальными элементами. Высокие технологии современности позволяют нанести рисунок на ткань методом печати, нанести на материал гравировку и тиснение, вырезать узор или раскроить изделие при помощи плоттера.

Широки возможности использования возможностей компьютерных программ при разработке всего образа персонажа, в частности – постижа и грима. Работа художника на крупных проектах американских киностудий на сегодняшний день немыслима без привлечения инновационных технологий. Создание художественного образа осуществляется несколькими способами. Первый из них – дизайн прически и грима непосредственно на фотографии актера, утвержденного на данную роль, в программе Adobe Photoshop. Разрабатываются многочисленные варианты образа с использованием метода фотомонтажа, отдельные части и детали рисуются на графическом планшете. Наиболее яркий пример разработки образа персонажей подобным способом мы видим в концептуальных дизайнах студии Weta для фильма режиссера П.Джексона «Хоббит», художник Chris Guise (департамент Weta Workshop) (рис.3) [3].



Рисунок 3. Chris Guise, дизайн образов персонажей для фильма
«Хоббит: Неожиданное путешествие»

Другой вариант предполагает работу со сложным пластическим гримом персонажа, требующим использования большого количества накладных элементов (силиконовых и пр. накладок), либо полностью цифрового дизайна персонажа. Работа ведется в программах трехмерной графики. Возможна оцифровка при помощи 3D сканера предварительно созданной скульптурной модели. Основой модели может являться конкретный актер, его портретные характеристики. Так велась работа над образами инопланетян-нави для фильма режиссера К.Кемерона «Аватар» (трехмерная визуализация Schell Sculpture Studio) (рис.4) [4].



Рисунок 4. Schell Sculpture Studio, дизайн образа персонажа для фильма «Аватар»

Использование программ трехмерной графики позволяет не только создавать трехмерную модель костюма, доступную для обозрения с любого ракурса. Также имеется возможность интегрировать костюм в виртуальную пространственную среду, спроектированную сценографом (декорации), визуализировать освещение, продемонстрировать трансформации костюма в динамике (анимация).

В современной киноиндустрии активно используются возможности современных 3D принтеров. Созданный средствами программ трехмерной графики объект воплощается в объеме с очень высокой степенью реализации и колорируется. Таким способом создают детали доспехов, головных уборов, фурнитуру, ювелирные изделия и пр. Использование технологий 3D принтеров при создании бутафорских предметов имеет ряд преимуществ: скорость создания объектов и возможность дублирования, зачастую – дешевизна в сравнении с ручной работой, относительная легкость, облегчающего работу актера в костюме.

Необходимость активного использования инновационных компьютерных технологий художниками по костюму в отечественной профессиональной среде сегодня является предметом активных дискуссий. Сторонники традиционного подхода к проектированию костюма полагают, что компьютерная графика уступает средствам живописи и графики в передаче драматизма и художественного образа. Мы полагаем, что данная точка зрения является ошибочной, т.к. обусловлена недостаточным знанием возможностей компьютерной графики и недостаточным владением ее инструментарием. Странно оставаться вне общемировых профессиональных тенденций. На сегодняшний день любой кинопроект крупных западных кинокомпаний предполагает использование цифровых средств дизайна на той или иной стадии работы над проектом.

Можно констатировать факт, что на сегодняшний день казахстанские художники по костюму используют возможности компьютерного программного обеспечения в своей проектной деятельности недостаточно широко. Однако тесная интеграция в мировое культурное пространство, углубление творческих контактов с зарубежными партнерами и совместная реализация международных проектов диктуют настоятельную необходимость изучения отечественными дизайнерами костюма соответствующих инновационных компьютерных средств,

овладения в полной мере их возможностями. Для того, чтобы обеспечить будущих специалистов всеми необходимыми навыками, для студентов бакалавриата, обучающихся по специальности «Сценография костюма театра, кино и ТВ» в Казахской национальной академии искусств, в образовательные программы были введены спецкурсы «Компьютерная графика и дизайн» и «Компьютерное проектирование костюма». В ходе изучения этих дисциплин рассматриваются теоретические основы компьютерной графики и дизайна. Студенты знакомятся с творчеством ведущих мировых дизайнеров костюма, с образцами их работ, выполненных с привлечением компьютерного программного обеспечения, и осваивают программы растровой (Adobe Photoshop) и векторной (Corel Draw) графики, получают навыки разработки творческих проектов по профилю средствами данных программ (рис.5-8).



Рисунок 5. Данишева Р., эскиз карнавального костюма, выполненный средствами растровой графики (Adobe Photoshop).



Рисунок 6. Садуакасова Д., эскиз национального костюма, выполненный средствами растровой графики (Adobe Photoshop) с наложением текстур.

Эти дисциплины запланированы на 3-4 курсе, то есть студенты приступают к их изучению, уже обладая необходимыми базовыми знаниями в области рисунка, живописи, композиции, истории искусства, костюма и моды. Данные спецкурсы глубоко интегрированы в учебный процесс за счет тесных междисциплинарных связей с предметами «Композиция костюма», «Проектирование костюма», «Выполнение

композиции в материале». В магистратуре предусмотрено изучение дисциплины «Компьютерные и медиа технологии в сценографии костюма», существенно расширяющей знания и навыки обучающихся за счет знакомства с возможностями программ трехмерной графики, программ для работы с видео и презентации творческих проектов.



Рис.7-8 Хайруллаева М., художественный и технические эскизы костюма Бориса, персонажа пьесы А.Н. Островского «Гроза» в современной интерпретации.

Литература

1. Dressing a Galaxy: The Costumes of Star Wars. – Insight Editions / Harry N. Abrams, 2005. – 215 с.
2. The Hobbit: The Desolation of Smaug Chronicles: Art & Design. – Harper Design, 2013. – 208 с.
3. Daniel Falconer, The Hobbit: An Unexpected Journey Chronicles: Art & Design. – Harper Design, 2012. – 208 с.
4. The Art of Film Magic: 20 Years of Weta. – Harper Design, 2014. – 464 с.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ ИСКУССТВА В ВУЗЕ

*Солтанбаева Гульнар Шаймерденовна,
кандидат технических наук, профессор КазНУИ*

В настоящее время наблюдается кардинальное изменение образа жизни населения нашей страны под влиянием современных компьютерных технологий. В первую очередь молодежь, а вслед за ней и старшее поколение усваивает информационное поле Интернета, которое меняет традиционные представления о многих формах искусства и его направлениях развития. Мир искусства неуклонно меняется под давлением электронно-информационного пространства и уже не может оставаться таким, каким оно было до появления Интернета и социальных сетей.

Современное искусство, используя достижения инновационных компьютерных технологий, становится на новый путь развития. Различные технические средства, оснащенные компьютерными технологиями, меняют привычные представления о характере и форме произведения искусства. Эти технологии оказывают огромное влияние и на развитие театра как вида искусства: появляются уникальные формы спектаклей, меняется оформление сцены, благодаря специфическим технологиям [1]. В сценографии, например, меняется подход к самому постановочному процессу: создание эскизов декораций и костюмов, а также сценографическое решение спектаклей в форме макетов может осуществляться виртуально, в электронной форме.

Современное сценическое пространство видеоизменилось, оно стало сложным, более зрелищным. Современная сценография становится все более связана с новейшими компьютерными технологиями и высокотехнологичным оборудованием. Привычная форма оборудования меняется, и на современной сцене она представляется в виде следующих мультимедийных технологий: светодиодные табло, проекционные натяжные экраны, плазменные панели с разными диагоналями, multifunctional световые приборы, интерактивный пол, интерактивное стекло. В соответствие с этим одним из основных средств выразительности в современной сценографии становятся световые и видео эффекты, которые могут быть получены электронной

проекцией видео и свето информации на различного рода электронные сетки и экраны. Эти проекции создают определенные эффекты, которые визуально расширяют и обогащают программу и делают действие более зрелищным. Эти видеоэффекты получили широкое применение, расширив возможности сцены и привнеся в нее ощущение реальности происходящего, например, природных стихий – снега, дождя, ветра, осеннего листопада. При этом плоский задний план превращается в трёхмерный. Реализация таких творческих проектов теперь требует не только художественного воображения, но и знания различного рода компьютерных программ, позволяющих создать многочисленные иллюзии и определять порядок чередования, изменения цветовой палитры, направления световых лучей и т.п.

В современном театре компьютерная графика превратилась в многофункциональный инструмент художника-сценографа, который дает огромные возможности и одновременно оказывает влияние на креативное мышление художника, давая ему возможности поиска новых путей в реализации своих идей, и ведет к дальнейшему развитию искусства, как живописного, так и театрального.

Новые информационные программы позволяют создавать театрально-декорационные эскизы постановок не только в традиционной двухмерной форме, но и разрабатывать в компьютерном пространстве трехмерную модель спектакля, в которой на сцене можно проследить за движением виртуальных актеров в сценических костюмах, проверить расположение предметов декорации, интерьера и т.д. Такой виртуальный макет позволяет как художнику-постановщику, так и режиссеру воочию представить, как на сцене будут взаимодействовать элементы спектакля между собой [2]. Все это в дальнейшем может значительно сократить затраты времени на подготовку спектакля, т.к. отпадает необходимость в традиционном макете спектакля.

Таким образом, в настоящее время с изменением традиционных форм искусства меняются требования к подготовке художника-постановщика. Он должен знать не только традиционные формы постановки сценических действий, но и

- компьютерные программы векторной, растровой и трехмерной графики (Corel Draw, Adobe Photoshop 7, 3D Studio Max и др.) для разработки эскизов сценографии и проектной документации;

- мультимедийные программы (Virtus WT Pro, Form-Z, Electric

Image, WYSIWYG и др.) для осуществления визуальных эффектов;

- возможности современного технологического оборудования (светодиодные табло, сетки, проекционные натяжные экраны, плазменные панели, мультифункциональные световые приборы, светодиодные матрицы, туманный экран, медиа-платформы, интерактивное стекло, голография и др.)

- характеристики современных материалов, используемых в создании художественного оформления сцены.

Все это ведет к необходимости изменения подхода к обучению специалистов сценографов, а в некоторых случаях и к созданию новых специальностей, связанных с современным искусством.

Из вышесказанного следует, что с изменением характера искусства возникает потребность в новых образовательных практиках, внедрение которых приводит к изменению внешних форм и сущности образования. Меняется основная образовательная цель, которая теперь заключается не столько в освоении традиционных форм знания, сколько в обеспечении условий для подготовки профессионала, владеющего инструментами самоподготовки и самореализации в условиях развивающихся коммуникационных технологий. Новая образовательная система направлена на развитие активной, творческой деятельности обучающегося, сопровождаемой возможностями компьютерных технологий. Современный студент должен не только уметь искать и находить необходимую информацию, использовать разнообразные источники информации для решения возникающих проблем, но и постоянно расширять свои компетенции, непрерывно развиваться в динамично меняющемся мире [3].

В настоящий момент на кафедре «Сценография и декоративное искусство» Художественного факультета Казахского национального университета искусств ведется обучение специальности «Сценография» по нескольким специализациям. Это, в первую очередь, специализации «Театрально-декорационное искусство» и «Театральная техника и оформление спектакля». В 2016-2017 учебном году произведен первый набор студентов на специализацию «Светотехника». Художники-постановщики (сценографы) создают зрительный образ спектакля посредством декораций, освещения и постановочной техники. Профессиональная деятельность сценографов заключается в художественном оформлении спектаклей, праздничных и эстрадных

шоу с применением декораций и светового оформления. Использование современной световой проекции необычайно расширяет роль света в спектакле и обогащает его художественные возможности.

Подготовка специалистов для театра, кино и ТВ на кафедре ведется также по специализациям «Грим театра, кино и ТВ» и «Костюм театра, кино и ТВ». Эти специализации – неотъемлемая часть подготовки спектакля. Театральный костюм позволяет создать актеру сценический образ, соответствующий замыслу режиссера, передать временную (историческую) среду, ее социально-экономическую принадлежность. Через костюм раскрывается внутренний мир сценического героя. Необходимым дополнением к костюму является грим и прическа, через которые можно отобразить внешние особенности персонажа, передать историческую и национальную принадлежность. Грим передает точность восприятия характера персонажа, его видение актером. Грим и костюм всегда должны соответствовать замыслу режиссера и общему оформлению спектакля.

Также в рамках специальности «Сценография» на кафедре ведется подготовка по специализации «Дизайн одежды». Выпускники данной специализации занимаются дизайн-проектированием промышленных и индивидуальных образцов одежды. Ими создаются авторские коллекции, определяющие современное направление моды.

Для корректировки направления образования, согласно требованиям времени, каждый год учебные планы специальности пополняются новыми дисциплинами, которые позволяют все более широко охватить все направления деятельности в данной специализации для воспитания и формирования высококвалифицированного современного специалиста. Выбор новых дисциплин осуществляется в результате взаимодействия с представителями предприятий и организаций, являющимися потенциальными работодателями для выпускников по специальности, выпускниками прошлых лет, анализа текущего состояния в отрасли. На их выбор могут влиять результаты производственных практик, которые позволяют выявить слабые стороны в образовательном процессе.

Например, в связи с тем, что все большее значение в оформлении спектакля приобретает световая проекция, были разработаны и добавлены в план обучения такие дисциплины, как Сценический эффект, Освещение постановки, Компьютерные технологии в сценографии. Коллектив Казахского национального университета искусств прилагает

все усилия для подготовки качественных специалистов в области сценографии. Обмениваясь опытом с зарубежными коллегами, принимая во внимание изменения, происходящие в современном искусстве, художники кафедры, уважая национальные традиции, все больше используют в своей работе возможности информационных технологий. Время не стоит на месте, так и искусство меняется, меняется вместе с молодежью, которое дальше будет развивать и обогащать его.

Литература

1. Бобровская М.А., Галкин Д.В., Самеева В.С. Новые информационные технологии в современной сценографии / Гуманитарная информатика: Междисциплинарный сборник статей. – Томск, НИ ТГУ, 2012. – №7. – С.52-56
2. Астафьева Т.В. Компьютерные и медиа технологии в сценографии как фактор развития постановочного процесса / Общество. Среда. Развитие (Тerra Humana). – СПб.: Астерион, 2013. – №1. – С. 128-133.
3. Можяева Г.В. Электронное обучение в вузе: современные тенденции развития / Гуманитарная информатика: Междисциплинарный сборник статей. – Томск, НИ ТГУ, 2012. - №7. – С.63-67

МОДНОЕ ИЛЛЮСТРИРОВАНИЕ

Наурызова Айша,

*магистрант КазНУИ специальности Сценография
Научный руководитель – к.т.н., проф. Солтанбаева Г.Ш.*

В современном мире тема «иллюстрирования» набирает большую актуальность в сфере дизайна. На сегодня иллюстрирование – это способ более подробной и яркой передачи информации, который имеет свои особенности и различия. В мировом масштабе иллюстрации варьируются большим спектром подходов в разных областях, со своим разнообразием техник рисования и способностью комбинирования с цифровыми технологиями. Это правомерно потому, что иллюстрация существует в очень разных проявлениях, и сегодня более подробно раскроем тему модного иллюстрирования.

Модное иллюстрирование появилось в начале зарождения модной

журналистики в XIX веке. Фотографий еще не изобрели, поэтому вначале иллюстрировали моду на листах – «бабочки-однодневки». Они появлялись и пропадали, а вместе с ними появлялись и пропадали иллюстраторы. Моду нужно было показывать в основном для тех, кто шил одежду дома, и таких было большинство. Долгое время рисунок был единственным способом донести до состоятельных модниц последние тенденции. Даже с появлением фотографии иллюстрации не потеряли своего очарования и часто использовались на страницах ведущих модных журналов.

К началу XX века с появлением новых модных журналов иллюстрация переживает второе дыхание. Нужно было оформлять обложки, делать их яркими и узнаваемыми. Позже модное иллюстрирование разделяется на два разветвления. К первому относятся страницы журналов, где чаще изображали настроение, нежели платья. Второе разветвление было чисто техническим, где модельеры изображали платья и эскизы, создавая коллекцию.

«Чтобы этот рынок появился, дизайнеры и государство должны сотрудничать. В том случае, если у государства есть возможность, а у дизайнеров есть уникальные идеи, в которые есть смысл вкладываться. В мире достаточно примеров того, насколько успешен был союз дизайнеров и государства. Италия – за их тканями и мастерством стоят очереди из дизайнеров со всего мира. Южная Корея сейчас серьезно представлена на международном рынке и со своими дизайнерами, и с производством, где цена дружит с качеством. В Великобритании созданы одни из лучших в мире школ дизайнеров. И все это при серьезном участии государства. Другой вопрос – есть ли у нашего государства такие возможности и интерес в развитии индустрии? Сейчас у казахстанских дизайнеров практически нет условий для развития внутри страны.

Да и чтобы иметь право по-настоящему называться дизайнером, нам надо начать с образования. Чтобы выдавать качественный продукт для международного рынка, нужна серьезная образовательная база и немало инвестиций в эту среду» – такую позицию озвучивает Сима Розикова (байер онлайн-магазина Sprezzatura).

Только при совместном сотрудничестве государства и локального креативного модного кластера, казахстанская, да и любая другая локальная мода может выйти в глобальное пространство. И вполне возможно, что в скором времени на модной карте мира, может родиться новая столица моды, миру могут открыться новые таланты и инновационные внедрения, но для этого необходимы и важны как для индустрии, так и для любого рынка крепкая база и комфортные условия для развития.

Но к сожалению, пока что казахстанский дизайнерский рынок вынужден развиваться в условиях почти полного отсутствия таких важных составляющих, как легкая промышленность, профессиональные кадры, соответствующее мировым стандартам образование. И тем не менее казахстанские дизайнеры делают, можно сказать, невозможное – они творят.

Да, у нас определенно есть свой путь развития, самобытный, он конечно же отличается от истории развития модной индустрии любой другой страны, таких лидеров как Италия, Англия или Япония, чьи примеры и модели развития индустрии моды могут быть полезными и фундаментальными знаниями в дальнейшем становлении казахстанской моды. Остается надеяться на то, что в скором времени в данном направлении индустрия моды страны сделает прорыв вверх. И есть к этому серьезные основания на звание глокальной моды, это и богатое культурно-историческое наследие, это и экспортная история страны со времен Великого Шелкового пути, это и природные богатства. У казахстанской моды есть все возможности продемонстрировать свою уникальность в глобальном масштабе как в области моды, так и в других направлениях. И кто знает, может в скором времени казахстанская мода сможет войти в мировую историю моды как fashion-феномен.

Литература

1. Аброзе Е.А. Психология моды: культурологический обзор. – М. – Берлин: Директ-Медиа, 2016. -118 с.

2. Демшина А.Ю. Мода в контексте визуальной культуры: вторая половина XX – начало XXI вв. – М.: Астерион, 2009.
3. Демшина А.Ю. Визуальные искусства в ситуации глобализации культуры: институциональный аспект. – М.: Астерион, 2010.
4. Барт Р. Избранные работы. – М.: Прогресс, 1994.
5. Барт Р. Мифологии – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1996.
6. Барт Р. Система моды. Статьи по семиотике культуры. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 2003.
7. Михалкова К. Мода и новые медиа. Часть III. – 2012. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.brainity.moscow/society/trends/moda_i_novye_media_chast_iii/
8. Бровкина А. Запас креатива. – 2015. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://forbes.kz/woman/zapas_kreativa

ДИЗАЙНЕР – ӨНЕРДЕГІ ӨМІРДІҢ БЕЙНЕЛЕУШІСІ

Ким Виктория,

Алматы технологиялық университетінің

Дизайн мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Шайзаданова Г.С.,

АТУ «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі уақытта әлемдік нарық күн сайын дамып, жаһанданып келеді. Модернизация деген ұғым қоғамның кез келген саласында актуалды. Бұл Қазақстанның дизайн нарығында да қалыптасты. Дизайн – бұл жалпы тұтынушылардың талабына негізделіп жасалатын озық туындылар және ол әрқашан пайдаланушының көңілінен шығатын киім, жарнама, тұрмыстық техника, автокөлік үлгілері болуы мүмкін.

Жалпы Қазақстанның дизайн саласы енді дамып келеді. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болмаса да отандық дизайн саласында өзіндік орны бар. Ал оның одан ары дамуына әсер ететін фактор, әрине бәсекелесік. Бәсекелестік ортада әркім тек жақсыны ұсынуды мақсат етеді. Бәсекеге қабілетті мамандар пайда болады. Мұндай мамандар дизайнерлік жұмыстардың жоғарғы деңгейін қалыптастыра алады, экономика үшін шығарылған тауарлар арасында бәсекелестікті арттырады. Бұл тек макроэкономикалық динамикаға ғана әсер етіп

қоймай, әлемдік дизайн өндірісіндегі ұлттық экономика үлесінің басым болуына әсер етеді, адамдардың өмір сүру деңгейін де қалыптасатыра алады. Алайда осындай нәтижеге жету үшін дизайнерге белгілі бір міндеттер немесе талаптар қойылатыны белгілі.

Ұлыбританиялық ақын Герберт Рид дизайнды өнердің ең жоғарғы формасы, кәсіпқойлықтың басты үлгісі деп бағалайды. Ал Джорж Нельсонның сөзінше, дизайн – өркениетті әлемдегі «супер жайлы» қызмет, дизайнер әрқашан өзінің идеясымен жұмыс істей біледі, еркін шығармашылыққа ие, кәсіби суретші екенін әлемге таныта алады.

Дегенмен дизайнердің кәсібилігін тек тұтынушы бағалайды. Бұны да ұмытпаған жөн. Яғни дизайнды қалыптасатыратын маман өзі әзірлеген жобаны тұтынушыға ұсына білу керек. Эстетикалық қасиеттер, үйлесім егжей-тегжейлі жоба нәтижелерінде көрінсе қызметіне деген қызығушылықтың қалыптасқаны айқын көрінеді.

Дизайнның қазіргі қызметіне қатысты нақты анықтаманы Дональд А.Норманн береді. Оның пікірінше, дизайн – өнеркәсіп өнімдерінің ресми қасиеттерін анықтауға болатын шығармашылық қызмет. Ал дизайнер – сол ресми қасиеттерді өзінің тауары арқылы көрсете алатын тұлға.

Барлық дизайнерге ортақ қазіргі міндеттер мынадай:

Біріншіден, ережеге сәйкес, дизайнер суретші қабілетіне ие маман болу керек. Олардың полиграфия, интерьер бойынша жұмыс істей алуы маңызды.

Екіншіден, заманауи компьютерлік техникалардан хабардар болуы дизайнердің артықшылығын көрсетеді. Заман талабына сай, web-дизайнды қалыптастыра алу қажет

Ал киім дизайнерінің негізгі міндеттері мыналар:

әр түрлі мақсатта киімдердің көркемдік және конструкторлық жобаларын әзірлеу;

егер киім дизайнына тұтынушы өзі араласқысы келсе, кескінді бірге дайындау және бекіту;

тігін өнімдерінің әр түрлі ассортиментін, пилоттық жобаларын әзірлеу және өндіру.

Сондай-ақ, дизайнер шығармашылық, жақсы қарым-қатынас орнату, шыдамдылық, табандылық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерге ие бола білу керек.

Дизайнерге тән міндеттерді толығымен орындаған кімдер?

Дизайн әлеміне тән міндеттерді толығымен орындап, өнері арқылы өмірдегі түрлі ерекшеліктерді бейнелейтін тұлғалар Қазақстанда аз емес. Елімізде өзінің ерекше үлгілері арқылы танымал болғандардың бірі – Құралай Нұрқаділова (1 сур.). Құралай сән әлеміндегі міндетті толық орындады және орындап келеді деп айтуға болады. Ол fashion-индустрия саласында 1995 жылы өзінің «Kuralai» брендин қалыптастырды. Оның жұмыстары тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де танымал. 2007 жылы ол «Harper’s Bazaar» журналының нұсқасы бойынша «Жыл адамы» және «Ernst & Young» компаниясының «Жыл кәсіпкері» премиясына ие болды. Осылайша ол дизайн өнерінде өзінің үлкен жолын қалыптастырды.



1 сурет. Құралай Нұрқаділова

Ал Аида Кауменова (2а сур.) итальяндық сән мектебін бітірген соң 2006 жылы өзінің «Aida KaumeNOVA» деп аталатын авторлық сән үйін құрды. 2010 жылы Қазақстанның олимпипда ойындарына қатысушылардың киімдерін жасап шығарған команданың құрамына кірді. «Алтын сапа» сыйлығымен марапатталды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың алғысына ие болды. Қазіргі кезде Қазақстанның дизайн нарығының басты ойыншыларының бірі. Көз тартарлық туындыларымен дизайн саласына өз үлесін қосып келеді.

Балнұр Асанова – Қазақстанның танымал дизайнері, суретші және «Сымбат» сән үйінің көркемдік жетекшісі (2б сур.). Балнұр тек Қазақстанда ғана танымал емес. Ол Мәскеуде ұлттық киімдер бойынша өткен халықаралық конкурстың бірнеше дүркін жеңімпазы. Сондай-ақ,

Вашингтон, Мәскеу, Дубай сынды қалаларда өтетін сән апталықтарының тұрақты қатысушысы. Оның киім үлгілері барлық адамдарға арналып тігіледі, Балнұрдың коллекцияларын тұтынатын танымал тұлғалар да жоқ емес. Ол суретші ретінде де танымал. Оның салған суреттері әртүрлі елдерде сақталған.



а)



б)

2 сурет. Аида Кауменова (а), Балнұр Асанова (б)

Дизайнерлерге қойылатын қазіргі талаптар

Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. Мұны жоғарыда аталған дизайнерлердің киім үлгілерінен-ақ байқауға болады. Қазақстанда дизайн өнері жүйелі түрде қалыптасып, енді дами бастағанын айттық. Қазіргі кезде отандық дизайнерлердің көшпенділер менталитетіне қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Осыған байланысты дизайнның тұтынушылар үшін маңызын, олардың дизайнерлерге қойатын талаптарын анықтау мақсатында осы салада қызмет етіп жүрген жас дизайнер Биботаданың пікірін білдік. Оның пікірінше, дизайнерге қойылатын бірінші талап – оқу. Кәсіби маман болу үшін базалық білім міндетті. Ол үшін барлығын жан-жақты оқып білу керек. Басқа дизайнерлер туралы да ақпарат болу керек. Сондай-ақ, бағытты және стильді анықтап алу міндетті. Сондай-ақ, тұтынушылардың дизайнерлерге деген талаптары мынадай: дизайн, баға, сапа. Қазіргі кезде сапаға деген сұраныс күннен күнге өсіп келе жатыр. Тұтынушылар сапаға, тігіске, материалға мән береді, табиғи материалды кигісі келетіндер көп. Әрі олар синтетиканы табиғи

материалдан ажырата біледі. Сондықтан қазақстандық дизайнерлер көбіне табиғи матадан тігеді. Сапа күннен күнге өсіп келе жатыр. Тұтынушылар сапасына ған емес, дизайнына да қарайды. Қазіргі кезде Қазақстанда дизайнерлер де көбейді. Екі-үш жыл бұрынғыға қарағанда олардың саны өте көп. Таңдаушы өзі қалаған дизайнерді таңдауға мүмкіндігі жоғары.

Дәстүрлі киімдерге сұраныс көп.

Бұдан бөлек тұтынушылар бұрынғы кезде Еуропаға еліктесе, қазір қазақ дәстүріне деген қызығушылықтары артып, қазақы ою-өрнекпен әрленген, халқымыздың этникалық өмірін бейнелейтін киімдерді сұрайды. Қазақ этникасын қазіргі заманға сай етіп өзгертіп, бағасын да қолайлы жасап, дизайнын жастарға сай етіп тіге білу маңызды. Яғни ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген киімдерге сұраныс жоғары. Бұдан бөлек тұтынушы үшін бағаның қымбат болмауы маңызды. Бұрынырақта, отандық дизайнерлердің бағасы біраз қымбат болғанмен, қазір бірте-бірте төмендеп келеді. Толығымен сән әлемін алатын болсақ, отандық нарықта соңғы он жылда тек дамып келеді. Отандық дизайнның сапасы әлемдік деңгейге жетпесе де, бірте-бірте өсу үстінде. Дизайнерлердің топтамаларын қарағанда фантазия, сапа жағынан модельдер өзгеріп, шетелдік этолонға сай болып келе жатыр. Біздің кейбір дизайнерлеріміз шетелде киімдер тігіп, сол жақта өнімін ұсынып жүр. Бұның өзі үлкен жетістік.

Алайда дизайнердің айтуынша, бәсекені әлемдік деңгеймен салыстыра алмаймыз. Себебі Қазақстанда сауда орындарында отандық дизайнерлерден гөрі шетелдік дизайн өнерінің өнімдері көптеп сатылады. Біз оларға бәсекелестік бола алмай отырмыз. Өйткені бізде өндіріс тұрақты емес. Біз тек бірнеше экземпляр жасаймыз, жүздеп, мыңдап тіге алатын өнімді өндіріп, нарыққа ұсынатын компаниялар елімізде әлі қалыптаса қоймаған. Алдағы уақытта біртіндеп пайда болуы мүмкін. Бұл тек болашақтың еншісінде.

Дизайнерлердің проблемесы неде?

Отандық киім дизайны саласындағы басты мәселелердің бірі – маталардың шетелден әкеленуі. Қазақстанда маталар шетелден әкелініп, екі-үш есе қымбатқа сатады. Әрі жұмыс күші де арзан болмайды. Олардың әрбіріне жалақы төленеді. Отандық дизайнерлердің бағаларының қымбат болуының бір себебі – осы. Соның өзінде қазақстандық дизайнерлерден киім алатын тұтынушылар саны күннен

күнге өсуде және қызығушылықтар артуда. Осы тұрғыдан келгенде әрбір дизайнер бір біріне бәсекелес бола алады.

Әдебиеттер

1. Королева Л.Ю. Современные требования к профессиональной подготовке будущих дизайнеров // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 5.

2. https://vlast.kz/zhizn/10_vedusshih_kazahstanskih_dizajnerov_odezhdy-1674.html

ХАЛҚЫМНЫҢ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

*Шатланбекова Ұлдай, Тоқбосынова Айдана,
Алматы технологиялық университетінің
Дизайн мамандығының 3 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі – Шайзаданова Г.С.,
АТУ «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы*

Әр халықтың халықтығын танытатын өзіне ғана тән ерекше қасиеттері болады. Олар – ана тілі, ұлттық болмысы, діні мен ділі, салт-дәстүрі және де қазақы ою-өрнегіміз. Есте жоқ ерте заманнан басталған тарихымызды, тұрмыс-тіршілігімізді, салт-санамызды ауыз әдебиеті арқылы осы заманға дейін жеткізген айналайын ана тіліміздің біздер үшін орны бөлек екені айдан анық. Бесік жырымен құлағымызға сіңген, ана әлдиінен басталған таныс үн, таныс әуен сенің қазақ екенінді, қасиетті бабалар ұрпағы екенінді еске салып тұрады. Сондықтан да біз сөзді пір тұтқан, сөзге тоқтаған, екі ауыз сөзбен ер мен ел тағдырын шешіп келген шешен халықтың, туған жері үшін жан аямайтын, ерлікті ту еткен, досына адал, дұшпанға қатал батыр халықтың, талайлы тағдырын ән мен жыр еткен ақын халықтың ұрпағы екенімізді мақтан етеміз. XV ғасырдан бастап халық болып қалыптасқан қазақ – өз табиғатының төл перзенті бола жүріп, өмірге қажетті білімді жия білген ерекше халық. Біздің қазақ – Жер анаға егін егіп ,мәпелеуді білетін диқан – агроном, төрт түлікті өсіретін, бабын жасайтын, қай түлікке қай шөп керек, қандай жерге жайса, өсімі мол болатынын білетін шопан ата – зоотехник, жұлдызды аспанға қарап ауа райын

болжайтын астроном, осының бәрін ұрпағына ұғымды тілмен жеткізе білген жазушы, жырмен өрнектеген ақын, үйретуден жалықпаған ұстаз, өзін қоршаған сұлу табиғатының көрінісін, тұрмыс – тіршілігін, ұлттық ерекшелігімізді ою-өрнекпен бейнелей білген ісмер. Біздің ата-бабамыз қолөнерімен айналысқан, сол өнерді жетілдіріп, ұрпағына мұра етіп қалдырып отырған.

Барлық жасалған қолөнер заттарын табиғатпен байланыстырып ою-өрнектермен безендірген. Өз тұрмыстарында қолданатын қажетті заттарының бәрін де мүмкіндігінше зермен оюлап, өрнектеген. Ұлттық киімнің де негізгі сәндеушісі – ою-өрнек. Халқымыздың ұлттық киім түрлері өте көп. Олар өзінің көз тартарлық әсемділігімен, ою-өрнегімен, сәнділігімен осы кезеңге дейін жоғары бағаланады. Олардың кейбірулерін күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін мереке-мейрамдарда, ойын-сауық, той-думандарда киеді. Қазақ әйелдерінің ұлттық киім түрлеріне көйлек, кимешек, сәукеле, камзол т. б жатады. Оларды әртүрлі ою-өрнек түрлерімен сәндейді. Ер адамдар мен әйелдердің бас киімдері де сәнділігімен ерекшеленеді. Оны барқыт сияқты материалдардан тігіп, жиегіне әр түрлі ою-өрнектермен көмкереді. Қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар. Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып, үнемі қолданыста болып, дамып келе жатқан өнер түрі. Ою-өрнекті жақсы саналы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу қажет, оның ою-ырғағы мен мөлшерін, яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығында, шеберлігі мен оюдың ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да, ол – адам ойының жемісі. Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, бірігіп тұруы керек.

Ата-бабамыздың бізге мұра ретінде қалдырған қолөнерінің бір түрі – кестелеу және көркемдеп тігу өнері. Кестелеп және көркемдеп тігудің ерекше түрі – алтындап, күмістеп тігу, яғни зерлеу. Алтындап, күмістеп зерлеу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін барқыт, атлас секілді бағалы материалдар қолданылады. Мұндай тігістерге алтын, күміс түстес жіңішке зерлер пайдаланылады. Зер – алтын, күміс секілді әшекейлік заттардан созылған жіңішке, өте нәзік сым не жылтыр жіп (1 сур.).



1 сурет. Зерлеуге арналған құрал-жабдықтар

Зермен жұмыс жасау, бұйымды әшекейлеу – өте ұқыптылықты, тазалықты, шыдамдылықты, жауаптылықты қажет ететін өнер. Зер сөзі ой, сана деген мағынаны да білдіреді. Демек, зерлеу дегеніміз – ой, сананы қоса отырып жұмыс жасау, әшекейлеу, оюлау (2 сур.). Зермен оюлау оңай жұмыс емес. Жұмыс жасаушы адам зерді түсіне білуі керек, жүрегімен, ақыл-санасымен, қиялымен ұштастыра білуі керек. Қай ою-өрнекте қандай зер сәйкес келетіндігін аңғарғаны жөн. Зер өнері тек қолмен ғана емес, барлық дене мүшемен орындалады. Оның тілі жоқ, бірақ сөйлей алады. Сондықтан да оны үнсіз түсіне білу керек.



2 сурет. Зерленген ою – өрнек

Алтындап және күмістеп зерлеу – біздің ұмытылып кеткен құндылығымыз болатын. Алайда, өткенді еске түсіріп, қайтадан жаңғыртқан Айжан Абдубайтқызы болды (3 сур.).



3 сурет. «Зерлеу» авторлық сән үйінің басшысы Айжан Абдубаит

Осы орайда халқымыз өз Тәуелсіздігімізді алғалы Мәңгілік еліміздің құндылықтары саф алтындай жарқырап, қазақ екенімізді күллі әлемге әйгілі етті. Міне, осындай игі істердің жаршысындай ізгілікті жұмыстарымен елдің алғысына бөленіп жүрген «Зерлеу» авторлық сән үйін құрушы Айжан Абдубаитқызының еңбек жолына зер салсақ, түрлі оқу орындары, мемлекеттік және еліміздің түкпір-түкпіріндегі мұражайлардан берілген әр түрлі тапсырыстарды қазақы ұлттық ою-өрнектерімізбен бедерлеп, өнерлеп, әшекейлеп орындаған. Жасаған бұйымдары Мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайында, еліміздің барлық басты қалалары – Астана, Алматы, Орал, Түркістан, Көкшетау, Теміртау – мұражайларында көрермендердің көзайымына айналғалы да біршама уақыт өтті. Мысалы, Петропавл қаласындағы орталық мұражайда «Абылай хан ордасында» арнайы бөлім бар. Сондағы хан мен ханымның ұлттық киімдері Айжан Абдубаитқызының қолынан шыққан. Астана қаласындағы Ұлттық Мемлекеттік мұражайындағы қалыңдық пен күйеу жігіттің қазақы киімдері көз тартарлық дәрежеде тігіліп, ұлттық оюлармен өрнектелсе, Түркістандағы Этнографиялық тарихи-мәдени орталықтағы ұлттық киімдер де нағыз ісмер жанның адал еңбегінің жемісі екенін көрсетеді. Осындай жұмыстарды санамай берсек, Қазақстанның барлық қалаларының мұражайларында

кездеседі десек артық айтқандық болмайды. Бұл айтқандарымыз – толағай жұмыстардың санаулылары ғана. Айжан Абдубайтқызының ерекше еңбегі халқымыздың халықтығын көрсететін ою – өрнектер салынған сән үлгілерімен елімізге, жас ұрпақ зердесіне қазақтығымызды танытып, рухани жан дүниеміздің ұлттық болмысымызға жақындай түсуіне өзіндік үлесін қосуда.

«Зерлеу» сән үйінен шыққан кез келген бұйымды алып қарасаңыз, әрбір ою-өрнегінде бір сыр бар, әр оюдың өз тарихы бар (4 сур.). Мұнда тек ұлттық киім ғана емес, қоржын, сахналық киімдер, әр рудың шежірелері және тағы басқа көптеген туындылар шығарылады. Өзіңіз де нағыз қазақы ою-өрнекпен өрнектелген бұйымдарға ие болғыңыз келсе, «Зерлеу» авторлық сән үйіне келсеңіз, еш өкінбейсіз. Өйткені бұл жерде жасаған жұмыстары нәзіктігімен, әсемдігімен және қазақылығымен баурап алатын нағыз ісмерлер еңбек етеді.



4 сурет. Әйелдерге арналған зерлі киімдер

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген ұстанымы бар Айжан Абдубайтқызы өзінің бар білгенін шәкірттеріне үйретуге асық. Ол: бұл да өнер, сезіне, түсіне білу керек дейд (5 сур.).

Зер өнері қаншама адамның басын идірді. Өзінің әдемілігімен, әсемдігімен қаншама жанның көз жауын алды. Өзінің құдіретінің арқасында ұмыт болған өнер қайта дами бастады, өрлеп келеді.



5 сурет. Зер өнерін үйренуші шәкірттер

Зер өнері – біздің асыл құндылығымыз. Зер өнерінің бізге берері мол. Зер өнерінде біздің ата – бабамыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері жатыр. «Зерлеу» сән үйі – біздің рухани құндылығымызды дәріптеуші, жалғастырушы. Осы секілді ата-баба мұрасын сақтап, қорғаушылар көбейе берсін дейміз!

Әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
2. Жанибеков Ө. Қазақ киімі. // Альбом. – Алматы: Өнер, 1996.
3. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: http://www.inform.kz/ru/ayzhan-abdubait-predstavila-v-astane-zolotuyu-nit-istorii-foto_a2743206
4. Болатбаев Қ., Қосбармақов Е., Еркебай А. Өнер. – Алматы: Мектеп, 2006.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ КОСТЮМ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЖАСТАР ЖИЫНТЫҚ ТОПТАМАСЫН ДАЙЫНДАУ

Утешева Айдана,

Алматы технологиялық университетінің

Дизайн мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Алданаева А.М.,

АТУ «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

Қазақтың ұлттық киімдерінде, оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері бой көрсетеді. Қазақтың қандай киімі

болмасын, онда халықтың әсемдік талғамы, өмір салты, өткендегі хал-ахуалы да суреттеледі. Олар пайдаланылуы мен қолданылу ерекшеліктеріне де байланысты топталып отырды. Қазақ киімдерінің практикалық, эстетикалық, ғұрыптық және магиялық маңызы болумен қатар жас ерекшеліктері мен кәсіби деңгейіне қарай этноәсер етуші белгілерді де ұстанды. Киімдердің мұндай қызметтері дәстүрлі далалық этикалық нормалармен де байланыстырылып, әлеуметтік-тұрмыс мәселесі шеңберінде қарастырылды.

Өткен заманның материалдық мәдениетінің ғажайып көрінісіне қазақтың халықтық костюмі жатады.

Заман өзгеріп, замана ағына қарай ата заңымыз түрленіп жатқан тұста ұлттық өнеріміздің томаға тұйыққа тірелуіне еш болмайды. Әр ұлт өнерімен, тілімен ұмтылмауы керек. Міне, сол себепті де халық мұрасындағы ұлттық өрнек пен түрлердің, түрлі рендердің танымдық эстетикалық мәні болашақ ұрпаққа бола мағынан бастап сіңіруге ден қою қажет.

Ол нағыз халықтың мыңдаған жылдар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып, эволюциялық жолмен пісіп жетілген рухани, тағлымдық мұрасы. Бүгінде әр халық өздерінің ұлттық өнерімен бірге салт-дәстүрін әр қалай дәріптеп, оны бабадан балаға мирас етіп келе жатқаны да ақиқат. Әсіресе, сән үлгісіне келгенде, бұл сала әр халықта әр қалай дамып келе жатыр.

Еліміздегі дизайнерлер жас қыз-келіншектерге арналған соңғы сән үлгісімен, ұлттық нақыштағы, қазақтың дәстүрлі костюм элементтерін пайдалана отырып көптеген топтамалар мен киім-кештер шығарады. Оларға мысал ретінде: Аида Кауменова, Ая Бапани, Асем Алтынбекова (BibiSara), Нуржамал Нурпеисова (Nur-Shah), Нагима Кайдарова, Бота Бакытжан (Bibotta), т.б. сәнгер-дизайнерлерді жатқызсақ болады.


Басты таңдаған тақырыбыма үндеу болған қазақтың ұлттық нақыштары менің топтамамда өз орнын тапты деп ойлаймын.

Қазақтың тарихымен жігерленіп, оның фольклорынан шабыт алып, бір ғасырдан астам уақыт өмір сүретін этникалық стильді, қазіргі заман талаптарын, ұлттық мәнерді біздің заман трендіне сай ұштастыра отырып, ыңғайлы да, сәнді киімдер жиынтық топтаманы ұсынбақшымын.

Жиынтық топтаманы даярлау қазақ ұлтының сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан мәдениеті мен қазіргі заман сән тенденцияларын ұштастыру барысында пайда болды. Бұл топтама өзін емін-еркін ұстай алатын, батыл шешімдерге даяр, әрі өз елінің, жерінің тарихын құрметтейтін, оны дәріптейтін жас қыздарға арналған. Киім силуэттері

тік, трапеция тәріздес кең, бос болғанымен, қыз балалардың биязылығын, нәзіктігін көрсетеді. Адамның емін-еркін қозғалуына, функционалды қызметтерін оңтайлы атқаруға септігін тигізеді. Сырт киімнің түстік шешімі қазіргі сән тенденциясына сай келеді, яғни хаки түсі бірнеше жылдар бойы сән әлемінде өз орнын нық белгілеп кеткен. Таңдалынған түстік шешім ластануға тұрақты, кір көтере алатын түстер. Бұл түс таңдалынған модельдік ерекшелікке сәйкес және оны бағалы етіп көрсетеді.


Тығыз, жылы, төзуге тұрақты, қыртыстануы аз велюр матасынан дайындалған бұл топтама көпшіліктің назарын аударары сөзсіз. Бұл матаның эстетикалық жағын және қымбат көрінетінін ескеретін болса, оны премиум-класс маталар қатарына жатқызуға болады.



1 сурет. Сырт киімнің топтамасы

Жеңіл киім силуэті тік, қазіргі сән бағытына сай тігілген. Қазақтың ұлттық декоративті элементтері киімге, сәнқой қызға патриоттық сезім берері сөзсіз. Қазақ халқы ертенден әртүрлі ырымдар мен наным, сенімдерге сенген. Бұл әшекей бұйымдар киім иесін жамандықтан сақтап, көз тиюден қорғайды. Ал нағыз италияндық жүн матасы өте бағалы көрінеді және сәнқой қыздың биік талғамын көрсетпек. Жүн матасы зығырлы өріммен өңделген, яғни бұл мата өте жұқа, дегенмен өзіндік қасиеттерін жоғалта көрмеген. Жүн ластануға тұрақты, қыртыстанбау қасиеті жоғары. Бұл матадан түтін, тамақ, терінің, т.б. иістер өте жақсы желдетіледі. Суды тек бу ретінде сіңіреді, сондықтан

бұл бұйымдар өте жай кебеді. Жүн матасының жылусақтағыштық қабілеті өте жоғары.



2 сурет. Жеңіл киім топтамасы

Әдебиеттер

1. Жәнібеков Д. Қазақ киімі. – Алматы, 2005.
2. Қалыбекова А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. – Алматы, 2011.
3. Арғынбаев Х. Қазақ қолөнер тарихы. – Алматы, 1989.

ҚОЛ КЕСТЕСІН ЖӘНЕ КИІЗДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЗАМАНАУИ ЖАС ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ ТОПТАМАСЫН ЖОБАЛАУ

Қалқаман Нуршат,

Алматы технологиялық университетінің

Дизайн мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Алданаева А.М.,

АТУ «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

Киіз және оны өңдеу – қазіргі кезгі жанданған, өңдеу түрінде адамдардың хоббиына айналған ежелгі текстильді туынды. Киіз

және оны өңдеу тарихы сонау бірнеше ғасырларды құрайды. Киіздің алғашқы табылған жері – Анатолии, ол біздің заманымызға дейінгі 3 мыңжылдыққа жатады.

Көптеген халықтар үшін, соның ішінде көшпенді халық үшін киіз өте маңызды рөл атқарды. Олар үшін киіз төсек орын ретінде, киім ретінде тіпті аттарын киізбен қымтаған. Олар киізді жамандықтан және салқын ызғардан қорғау үшін қолданды. Киіз – кой, елтірі жүнінен жасалынады. Жүн талшықтары беткі қабыршақты қабаты болады, қабыршақ көмегімен ыстық су немесе буда талшықтар бір-бірімен тіркеседі. Осының нәтижесінде киіз басу жүзеге асады. Киіздің жұқа түрін бас киімге пайдаланса, қалың түктілерін баспана, аяқ киім, сырт киім түрінде қолданған.

Қазіргі кезде жартылай ұмыт болған киіз басу қол өнері соңғы он жылда сән индустриясында өрлеп келеді.

Ұсынылған топтаманың басты идеясы заманауи киім шығару болғандықтан, биылғы 2017 жылдың сән бағытына сүйендім. Киімдегі түрлі суреттер, ұлттық оюлар, кестелер кескініңізге тек сәндік, жаңашыл қасиет береді. Ою-өрнектер Европа дизайнерлерінің топтамаларында көптеп кездеседі

Авангард стилі бірнеше маусымнан бері өзінің позициясын жоғалтпай келе жатыр, алайда 2017 жылы геометриялық фигуралармен толықтырылады. 2017 жылдың ең сәнді тренді – жолақты киімдер. Жолақтар барлығында дерлік кездеседі. Ашық, қанық түсті жолақтар әйелдер киімінде: шалбар, жейде, костюм, көйлекте тіпті аксессуарлар, сөмке, аяқ киімдерде де кездеседі. Жолақты маталармен түрлі түсті мата түрлерін қолдануға болатынын Balmain, Fendi, Max Mara, Sportmax, Uma Wang, Elisabetta Franchi, Salvatore Ferragamo.

Танымал дизайнерлердің 2017 жылғы топтамаларында вельвет, велюр және бархат маталарын көруге болады. Вельветтен және велюрдан сыртқы киімдер, классикалық комплектілі бұйымдар, ал бархаттан көйлек, жейделер кездеседі. Осындай ультрасәнді маталарды Roberto Cavalli, Christiano Burani, Trussardi, Giorgio Armani топтамаларынан кездестіруге болады.

Ұсынылған жиынтықтың мата түріне тоқталсақ. Жиынтыққа трикотаж матасы, киіз ұсынылған болатын. Трикотаж матасы – әмбебап мата түрі. Ол өте ыңғайлы, эстетикалық, эксплуатация жағынан да алдыңғы қатарда. Бұл мата түрінен түрлі бұйымдар жасалынады.

Денеге жағымды, сәнге сәйкес, жылы маталардың бірі. Созылымға өте жақсы, әр түрлі жастағы адамдар тұтына алады.

Ал киіз көнеден келе жатқан, бірақ қазіргі таңда сән әлемінде өз орнын тапқан қымбат материал түрі. Олар өте қымбат, түрлі өңделуден өткен, табиғи материал. Қазір де атақты дизайнерлер киізді өз топтамаларында қолданады. Сонымен қатар тұтынушылар тарапынан көп сұраныстағы материал.

Қазіргі таңда адамдардың киімге, сәнге деген талғамы тым биік. Осыған сәйкес ұсынылған жиынтықта таза табиғи мата, сәннен қалыс қалмайтын жолақты мата, әмбебеап трикотаж матасы және сән әлемінде бәсекеге айналған қол кестесі кездеседі. Қол кесте мата қарапайымдылығын жасырып, оған өзгеше бейне беретін қол жұмысы. Қазір де қол жұмысы ерекше бағаланады.



1 сурет. Ұсынылған топтама сырт киімі

Сырт киім велюр матасынан дайындалған, трапеция пішінді қыз-келіншектерге арналған, маусымаралық пальто. Алдыңғы бойы бір өңірлі, бастырмамен түймеленетін, қисық төртбұрыш жапсырмалы қалтамен өңделген. Артқы бойы тұтас пішілген. Жағасы шаль, бұрыштары үшкір.

Жеңі қондырмалы, екі бөлікке бөлінген, $\frac{3}{4}$ бөлігі тік, қалған бөлігі конусты кеңейтілген.

Жеңіл киім трикотаж матасынан тігілген, жартылай қынамалы, маусымаралық комплектті шалбар және туника. Алдыңғы бой тұтас

пішілген, жан бүкпесімен өңделген, иығы және алдыңғы орта сызығында қол кестесімен әрленген. ұзындығы бөкседен асады. Артқы бой тұтас пішілген, ұзындығы бөкседен асады. Жағасы қондырмалы тік. Шалбар жартылай қынамалы. Алдыңғы бөлігі бел бүкпесімен өңделген. Артқы бөлігі бел бүкпесімен. Жан тігісінде сыдырмамен өңделген.



2 сурет. Ұсынылған топтама жеңіл киімі

Топтамада заманауи киімнің елдегі, ұлттағы өз құндылығын жоғалтпай, ескіріп бара жатқан табиғи материалдарды жаңғыртып, оны заман талабына сай, сәнге айналдыру – басты мақсат.

Әдебиеттер

1. Тігін өндірісінің материалтануы. // Б.Р. Рысқұлова, А.Ж. Құтжанова, Э.С. Масанова, Ж.Ш. Маханов. – Алматы, 320 б.
2. Рысқұлова Б.Р. Тігін бұйымдарының технологиясы. – Алматы, 2015. – 388б.
3. Ғаламтор желісі. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: http://fashiony.ru/page.php?id_n=116634
4. Жәнібеков О. Қазақ киімі. – Алматы, Өнер, 1996.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМІН ӘЛЕМГЕ БРЕНД РЕТІНДЕ ТАНЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Түлетова Шолпан,

ҚазҰӨУ Сценография мамандығының

(Киім дизайны мамандандырылуы) 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – филос.ғ.к., доцент Мұхтарова Ғ.С.

Киімнің алғашқы қызметі адам денесін қорғау болса, кейіннен жыныстық, әлеуметтік жағдайына және жас ерекшелігіне, эстетикалық, этикалық тәрбие беру секілді қызметтері дәстүрімен сабақтаса айқын көрініс тапқан. Ұрпақ тәрбиесіне ата-бабаларымыз көптеген ырым, тыйым, амал тәсілдерді киімдермен байланыстырған. Киім, оның ішінде ұлттық киім әлем халықтары мәдениеті мен болмысын бір-бірінен ерекшелеп тұратын материалды мәдениеттің бір бөлшегі.

Мәселен:

«Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек,

Тұрғандай өзі қимылсыз билеп.

Иықтан шашы төгіліп жерге,

Күмісті шашбау жарасып белге» [1].

Бұл танымал әнді ести отырып көз алдына қазақ ұлттық киімін киген, сымбатты қазақ қызын елестетпеген адам кем де кем шығар. Ал «үкілі кәмшат», «бүрмелі көйлек», «күмісті шашбау» деген қазақтың ұлттық бұйымдары сол образды аша түсетіндей (1 сур.).



1 сурет. Бойжеткендер

Қазақтың ұлттық киімі – халқымыздың материалды мәдениетінің айнасы. Өйткені, киім халықтың тұрмысы мен салтына, шаруашылығы мен мекендеу орнына байланысты туындайтыны мәлім. Бұйым үстіне бейнеленген ою-өрнектер де халықтың мәдениетіне, наным-сенімдеріне байланысты кестеленіп, ойылады.

Қазақтың қалыптасуы сонау ғұн мен сақ дәуірінде басталғанын ескерсек, сонымен бірге ұлттық киім де қазақ тарихымен бірге ұштаса отырып, өзіндік бейнеге ие болып отырды. Ал қазіргі жаһандану заманында, біздің алдымызда, сол болмысты сақтап, оны келесі ұрпаққа сол қалпында тапсыру зор міндеті тұр. Тарихи көне ұғымдар мен түсініктер көшпелілер мәдениеті мен өркениетінде көбінесе өзіндік көркем бейнелі нақышта кескінделіп, адамзаттың философиялық ойтанымының көркемдігін, мәдени-рухани құндылығын байыта түсті. Республикамыздың дәстүрлі мәдени-рухани мұраларын зерттеп, сақтап, әлемдік мәдениеттер қатарынан көрсете білу қазіргі маңызды міндеттердің бірі.

Әрбір мемлекеттің қоғам мүшесі бүкіл әлемге өзінің ұлттық тілін, әдет-ғұрпын, материалды және рухани мәдениетін, ұлттық болмыс ерекшеліктерін танытатын ел мұрагері, жақтаушысы, сақтаушысы екені этнографиялық ғылымда дәлелденген. Шынында да, қоғам өзгерсе, адам өзгереді, онымен бірге санамыз мәдениетіміз де өзгеріске ұшырауы ықтимал. Сондықтан, халқымыздың ұлттық мәдениеті мен рухани мұраларын киім өнері арқылы ұрпақ санасына сіңіру аса маңызды.

Қазіргі уақытта өзімізді «Ұлы дала елі» деп әлем халықтарына таныстырар сәтте, қазақтың ұлттық киімін танып, оны әлемге бренд ретінде таныту жолында ең алдымен қазақ қызының сырт бейнесін таныған жөн. Қазақ киімдерінің тану кезінде, оның түп нұсқасы батырлар жыры, лиро-эпостық жырлардағы Гүлбаршын, Құртқа, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қыз-Жібек сынды сұлулардың киімдері мен қазақ қаламгерлері қолынан шыққан шығармалар мен поэмалардан ала аламыз (2 сур.).



2 сурет. Е.Сидоркин. Гүлбаршын бейнесі.
«Алпамыс батыр» эпосына иллюстрациялар

Өркениет барлық мәдениеттердің жетілген деңгейі дейтін болсақ, өзінің ішкі заңдылықтарымен, оның қандай болмасын түрлерін өз деңгейінде жоғары көтеруге, әлемдік мәдени айналымға жеткізуге, таратуға мүмкіндігі бар. Бірақ, оны үйлесімді локалды түрде тетіктерін іске қосу, көркем жүйе ретінде зор талғаммен бағамдай біліп, қозғалысы мен дамуын тоқтатпау ұлт өкілдерінің шығармашылық қарқынды ізденісін қажет етеді. Бұл жерде айта кететін нәрсе әлемдік жоғары тексерілген технологиялар мен дәстүрді байланыстыру, шендестіру. Нәтижесінде, ұлттық нақышы мен мәні қанық жоғары өнімді киімдерді сұранысқа сай қамтамасыз ете білу. Мәселе, тек осы иігілікті істерді логикалық шегіне дейін жүзеге асыруда.

Қазақтың ұлттық киімін заманауи талаптарға сай етіп, әлемге бренд ретінде таныстыру барысында әлем алпауыттарының тәжірибесін де ескерген жөн. Мысалға, жапон киім дизайнының феномены құбылысын қарастырайық. «Жапон киім дизайны» деген сөздерді құлағымыз шалса, көз алдымызға сакура гүлі бейнеленген жібек маталар, кимоно, нәзік түстер елестейді. Бұл элементтерді тек жапон дизайнерлері ғана емес, әлемнің үздік дизайнерлері де өз топтамаларына арқау етіп алады. Мысал ретінде Иссей Мияке шығармашылығын алайық.

Модельер қаладағы өмірге арналған керемет киімдер шығарады: драпировкалар мен плиссе, оның киімдерінде жеңіл әрі қолайлы маталармен үйлесім тауып, күнделікті өмірге ыңғайлылығы мен қосымша күтімді қажет етпейтіндігімен ерекше болып табылады. Батыстық киімнің пішімі алдымен адам денесіне сүйене отырып жасалатын болса, жапондық киім пішу әдісі алдымен матаға байланысты болады – бұл Иссей Миякенің басты принципі болып табылады.

Жапон киімдері тек қана жапондық ғана емес әлемнің көптеген сәнгерлер топтамаларына арқау болды.

Джон Гальяноның Парижде болған сән көрсетілімі журналистердің сипаттауы бойынша: «Бір сәтке подиум гейшалардың театрына айналып кетті. Бұл коллекцияны ең жарқын, әрі ең бейнелі, көркемі деп айтуға болады. Өйткені залда көбелектер ұшып, сакура гүлдегендей болды... Сән көрсетілімінде көрсетілген киімдер қолмен безендірілген атлас пен жібек матадан әзірленген. Дизайнер тек қана Шығыс дәстүрін ғана емес, гейшалардың көркем болмысын ашып, көрсете алды...»

Прада сән үйі де жаңа топтамаларының бірінде кимоно, дәстүрлі жапон аяқ киіміне, өсімдік тектес орнаменттеріне интерпретация жасады. Подиумға заманауи кимоно мен гэта аяқ киіміне ұқсас жеңіл аяқ киім киген қыздар шықты. Ықшам келген ақ гүлді тіке қара көйлектер де болды. Биік өкшелі аяқ киім болса жапондықтардың самурай киетін аяқ киімі «табиге» ұқсас аяқ киімдермен алмастырылды. Қарадан басқа алхоры, жасыл, күлгін түстер де топтамадан орын алды. Прада жазғы топтамада да жүнді қолданып, қаракүлден пальто жасап оны трикотаж, жібек маталармен шебер үйлестіре білді.

Жапон киімі негізінде заманауи костюмді пішіндеу, алдыңғы буынның барлық жетістіктерін сақтай отырып, киімді жасауда келесі бірнеше әдістерді қатар қолдану қажет деп табады:

- заманауи костюмді жобалау кезінде, дәстүрлі түп тамырын сақтау;
- дәстүрлі пішу әдістері мен материалдарды қолдану;
- Жапон мәдениеті мен Еуропалық дизайнның шендесуі арқылы, жаңа формадағы заманауи костюмді жасау;

Жапон этно киімдерінің ерекшелігі сол, иық сызығының кең жеңі, белге акцент беру, иық белдеуінің кеңдегі, бұйымның төменгі жағының тарылуы; планка жаға және киімнің қапсырылуы, Х-тәрізді сұлба.

Жапон ұлттық костюмінде түстік шешімі мен психологиялық ортасы үлкен роль ойнайды. Жапон ұлттық киімінің дайындау кезінде киімнің көп бөлшектерін бір бірінің үстіне қабаттау әдісін қолданған. (көп қабаттылық және имитация).

Әйелдерге арналған кимонода безендіретін арнайы аймақтар бар: сурет сол жақ иық, омырау, екі жауырын арасы, тізе жаққа, т.б. салынады.

Жапондық стиль, жапон халқының мәдениетінің көрінісі ретінде, өзінің модульді формасымен, белгілі бір сақталатын пропорцияларымен ерекшеленеді.

Ал қазіргі Жапон киімінің ерекшелігі жаңадан пішу әдістерін қолдана отырып деконструктивизм стилінің дамуы болып табылады. Оның түп төркіні – Еуропалық киім кию әдістері мен, пішімдерінен пайдалану.

Деконструкциялау әдісін 1980 жылдары жапон дизайнерлері Ё.Ямамото мен Р.Кавакубо ұсынған. Жапон дизайнерлерінің жұмыстары Еуропалық дизайнерлерінің қызығушылығын тудырып, олар өз жұмыстарында ассиметриялы пішу әдісін, киім жиегінің тігіс жасамау, неше түрлі қиықтарды пайдалану; конструкцияны оң және сол бөлікке бөлу; инверсия (тігіс сыртына қаратылып, арқа жағында қайырма болуы, ілгектері әдеттегі орнында болмауы); бұйымда аяқталмағандық әсерін қалдыру; әдеттегі технологияның бұзылуы сияқты әдістерді пайдаланды.

1990 жылы сән әлемінде кеңінен қолданыла бастаған бұл термин постмодернизм философиясынан алынған. М.Хайдеггер деконструкцияны өмірге деген жаңа көзқарас деп есептеп, жаңа дәуірге сай жаңаша ойлау мен рационализмнен бас тарту деп есептеді. Постмодернизм дәуәрі – бұрынғының негізінде жаңашылдықты қалыптастырды.

Ал «Қазақ халқының ұлттық киімі» десе, өзім мақаоа авторы студенттер арасында өткізген сауалнама бойынша, адам ойына сәукеле, ұзын етеккі көйлек, бешпет немесе кәжекей, кимешек келеді екен.

«Қазақ киімі құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығының, салқын самалы мен аңзақ желінің әсерімен қалыптасқан, бар өмірі көлік үстінде өткен Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұланғайыр

кеңістікте көшіп-қонған малшы қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей «жер шұқылап», мал ұстап күн кешкен Сыр бойындағы, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас-Шу атырабындағы жартылай отырықшы және отырықшы елдің ғасырлар бойы реттеуге көне қоймаған тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігі қалыптастырған заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі болғандықтан, өзіндік қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен, жүріп тұруға ыңғайлылығымен ерекше» [2, 8 б.].

«Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе сақырын,
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» [3, 44 б.], – деп Абай атамыз айтпақшы, осы «Сұлу қыздың» ХХІ ғасырға сай бейнесін жасау көптеген отандық дизайнерлеріміздің бренд ретіндегі идеологиясы. Бұл жерде көненің түп негізін сақтап, жаңарту енгізу, қайта жаңғырту, оны көпшілікке таныту идеясы жатыр (3 сур.).



3 сурет. Дизайнер Ая Бапанидің киім топтамасы

Қазақ ұлттық киімінің қазіргі даму қарқынын зерттеу үшін отандық дизайнерлер шығармашылығын қарастырайық (1, 2 кесте).

1 кесте. Қазақ ұлттық киімін өндіретін Қазақстандық дизайнерлер

Сән үйінің атауы	Ашылған жылы	Ассортимент	Шет елдердегі көрсетілімдер
«Сымбат» сән Академиясы	1947 ж.	Қазақ ұлттық киіммен қатар, шет елдік компанияларға арнап киім үлгілерін әзірлейді	Сібір, Мәскеу, Дубай, Вашингтон, т.б. әлемнің 30 ға жуық елінде бой көрсеткен
«Ерке-Нұр»	1997 ж.	Ұлттық киім, ұлттық киім негізіне сай заманауи киім үлгілері	Германия, Бельгия, Түркия, Сингапур, Қытай, Ресей, т.б.
«Kuralai»	1994 ж.	9 түрлі бағытта киім шығарады. Соның бірі ұлттық бағыттағы «Kuralai National»	Ресей, Франция, Сауд Арабиясы, Малайзия, АҚШ, т.б.
«Salta»	2008 ж.	Заманауи талапқа сай этно стильдегі киім топтамалары	Ресей, Франция, Англия, т.б.
«Aida KaumeNova»	2006 ж.	Қазақы нақыштағы ұлттық киімдер, ұлттық нақыштағы заманауи бағыттағы киімдер	Италия, Белорусия, т.б.
«Samidel»	2012 ж.	Этникалық және заманауи стильдегі киімдер топтамаларын әзірлейді	Ресей, Әзербайжан, АҚШ, Малайзия
«АуаВарани»	2011 ж.	Ұлттық нақыштағы киізден жасалған киім бұйымдары	Ресей, Өзбекстан, Түркия, Швейцария, Франция
«Kenje»	2004 ж.	Этно бағыттағы киімдер	АҚШ, Франция, Корея, т.б.
«Нур – Шах»	2001 ж.	Заманауи және ұлттық киім әзірлейді	Стамбул, Шанхай, Нью-Йорк, Мәскеу, т.б.

2 кесте. Ұлттық киімді шығаратын компаниялар

Сән үйі немесе дизайнер аты	Ассортимент
«Oyu_kz»	күнделікті киюге арналған ұлттық нақыштағы шапан, көйлектер
«Arunaz design»	заманауи бағыттағы кешкі көйлектер, ұлттық нақыштағы қазақы костюмдер
«Асем Нурсейтова»	қазақы нақышта бағалы тастармен әшекей бұйымдар, кәжекейлер
«Kaidarova»	қазақы стильдегі күнделікті киетін жейделер, көйлектер мен костюмдер, аксессуарлар
«Ternura»	қазақ қызының бейнесі бар жейделер мен киімдер
AikaAlemi	қазақы нақыштағы заманауи бренд

Қазірде тәуелсіздігімізді алып, мемлекеттік рәміздер мен нышандарымызды жолға қойған іс-шаралар біздің әлемдік қауымдастықта ұлттық ерекшелігімізді көрсетіп тұр.

Әлемнің 116 тіліне аударылған М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясындағы кейіпкерлерге берілген суреттемелері тек қазақ емес, өзге ел оқырмандарының жүрегінен орын тапқаны анық.

Ал алғаш рет Париж подиумын бағындырған Ақкенже Девятко өзінің ұлттық нақышта жасалған коллекциясымен көпшілікті таң қалдырды. Ұлттық үлгідегі киімді киізден жасайтын Ая Бапанидың топтамалар көрсетілімдері Ресей, Өзбекістан, Түркия, Швейцария, Франция елдерінде бой көрсетті. Пекинде өткен 2008 жылғы олимпиадада Құралай Нұрқаділованың дизайнымен ұлттық нақышта жасалған ту ұстаушы киімі ең әдемілердің бірі ретінде танылып, қазіргі уақытта Пекин мұражайында сақтаулы тұр.

Бұның өзі әлемдік көркем өнердегі қазақ дизайн өнеріне деген қызығушылық бар екенін көрсетіп қана қоймай, оның шоқтығы биік екенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Омаров М. «Қыз сыны» әні
2. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
3. Қазақтың салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: қазақ киімдерінің суретпен безендірілген энциклопедиясы / Сейіт Кенжеахметұлы (сатирик жазушы, этнограф; 1939). – Алматы: Атамұра, 2010. – 384 б.

ЧЕРНЫЙ ЦВЕТ В ИСТОРИИ КОСТЮМА

Сагнаева Ляззат,

*студентка 3 курса специальности Сценография
(специализация Сценография костюма театра, кино и ТВ)*

Научный руководитель – доцент Сырбаева А.А.

Поскольку восприятие цвета визуально, то и его принятие зависит только от нашего настроения, ассоциаций и различных верований, связанных с цветом у тех или иных народов. Не всегда можно отследить корни традиций и цветовых предубеждений, поэтому иногда становится сложно понять трактовку цвета в различных культурах. Объяснить нелюбовь к желтому в некоторых странах Европы, который символизирует ложь и измену, становится чем-то невозможным. Психиатрические больницы именовались когда-то Желтыми домами, а девушкам легкого поведения выдавался жёлтый билет. В странах Восточной Европы не принято дарить желтые цветы возлюбленным и по сей день. В Риме не жаловали синий цвет и избегали его в одежде, считая его цветом скорби отречения от мира. Эту же тенденцию можно наблюдать и в Византии, и на Руси, достаточно вспомнить одеяние Девы Марии в иконописи, где она изображается в синей тунике.

Но большинство поверий о цвете идут с первобытных времен и сохранились в современности. Изначально назначение цвета заключалось в передаче базовых визуальных сведений, а потом переросло в средство коммуникации или даже языковую систему. В период становления общества, вероятно, использовалось простейшее сочетание чёрного и белого для обозначения двух противоположных явлений: Свет-тьма, Мужчина-женщина, небо-земля. Позднее для обозначения более сложных взаимоотношений добавился третий цвет – красный. Отношения красного, черного и белого – это «первичная триада» цветов. Такая триада наблюдалась и у африканских племен, и у австралийских аборигенов, и у индейцев, населявших Северную Америку и т.д. Во всех этих народах белый цвет связан с миром, небом и чистотой; черное символизирует Землю и Смерть; красное объединяет два этих понятия и, соединяясь с белым, показывает доброе начало, а примыкая к черному, – злое.

Становится очевидным огромное значение цвета для человека. И особое место в истории занимает черный цвет, являющийся частью

общечеловеческого восприятия сначала становления общества. Этот цвет обозначал тьму, злость, траур, потусторонние силы и смерть. Позднее мнемонический ряд стал расширяться. Черный – поглощение, материальность, отрешение, неизвестность.

Черный, как знак отрешения от земного, существует в одеянии священнослужителей. Примеряя черную рясу, духовенство показывает свой уход от мирских искушений и соблазнов, отказываясь и от своей индивидуальности. В этом акте отрешения проявляется вера в преображение через раскаяние и одиночество.

Еще одно значение черного цвета прослеживается в мантиях судей. Судейское облачение – символ справедливости, беспристрастности, честности, и вновь отстранения от своей личности.

Темную или черную одежду носили и доктора со времен средневековья и до начала XX века, когда был впервые введен белый халат.

Объединяет все эти три примера полный или частичный отказ от собственного «я».

Носить черную одежду мог позволить себе не каждый человек. Такая ткань была дорогой и встречалась крайне редко. Именно из-за этой недоступности черный цвет обретает ореол исключительности и статуса. Из этого следует еще один психологический посыл черного цвета – расположение властью. В настоящее время черный цвет несет такой же смысл, что и на начальных путях становления человечества, закрепляясь по ходу истории. В большинстве культур черный – цвет гибели, сомнений, потусторонних сил и горя. Но обычай траура в современности исчезает, и черный цвет все больше связан с властью, респектабельностью, элегантностью и одновременно отстраненностью.

Восприятие данного цвета в большей мере отразилось в религии и верованиях разных народов. В Средневековье чёрная кошка была спутницей всех колдуний и нечистой силы. Суеверные люди и сейчас верят в то, что чёрная кошка, перешедшая дорогу, принесет неудачу. В христианстве было сказано, что Вселенная была беспросветно черной, пока Бог не сотворил свет. В Иконописи чёрный скорее исключение, нежели правило. Его можно наблюдать в сюжете «Распятия» – под крестом зияет чёрная дыра, в которой виднеется череп Адама – первого грешника на земле; чёрным пишется змеиное логово из которого выползает чудовище в работах, описывающих «Чудо Георгия о змие». В большинстве других случаев пишут земляными цветами, бордовыми,

а иногда и синими.

Однако, в самой церкви черный приобретает совершенно иной облик. Чёрный цвет – цвет монашества. Католические, протестантские и православные священнослужители носят темные облачения. Он символизирует удалённость от Бога даже тех, кто больше всех приближен к нему. Черный – символ тайны и пугающей неизвестности.

Противоположный философский смысл вкладывают в цвет на Востоке. Чёрный – это символ чистоты, совершенства, благородства и опыта.

Символика цвета в древнекитайской культуре непосредственно связана с восточной структурой мироздания, в которой пять элементов (огонь, вода, земля, металл, дерево) пребывают в непрерывных отношениях с каждым событием мира и явлением природы. Цветовые символы связаны со всеми направлениями и сторонами света. Черный – север, вода, зима, Меркурий, черепаха, текущее вниз, соленое. Данный Символизм отражается во всех видах искусства, включая архитектуру. Примером могут служить ворота Пекина. Северные ворота окрашены в черный цвет, восточные – в сине – зеленый, южные – в красный, западные в белый. Пять стихий исходят из борьбы двух начал инь-ян. «Инь» и «ян» традиционно обозначаются белым и черным цветом.

Японская структура цвета также является частью философских учений. Чёрный - символ возраста и опыта. Чёрным цветом обозначается наивысший ранг во многих боевых искусствах. Цветовая символика имеет огромный смысл в японском театре. Это красочно демонстрирует актерский грим «кумадори» театра «кабуки», который даёт ключ к сути персонажей. Черный цвет грима символизирует божественное, потустороннее происхождения героя.

